# SARYARQA

4 ақпан
2022 жыл

Saryarqa.info

ЖЕЗҚАЗҒАН АЙМАҚТЫҚ ГАЗЕТІ • 1973 ЖЫЛҒЫ 13 СӘУІРДЕН ШЫҒАДЫ

№ 4 (8267)



БИЛІК және БҰҚАРА



Жеңіс ҚАСЫМБЕК
ХАЛЫҚТЫҢ ҮНІН
ЕСТІП ОТЫР
2-бет




5-бет

АҢЫЗ БОП ЖЕТКЕН АҚИҚАТ



ЕМШІ
АЙТҚАН
ЕРЕКШЕ КҮН
6-бет


## Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

# АЗАМАТТАРЫМЫЗДЫҢ ҚҰҚЫҒЫ БҰЗЫЛМАЙДЫ



***Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт ТОҚАЕВТЫҢ «Хабар» телеарнасына берген сұхбатынан***

▶▶ Жоғарыда аталған жағдай бойынша құқық қорғау органдары басшыларының нақты алгоритмі, іс-қимыл жоспары болмағанын айттым. Істің мән-жайын бағамдай алмадық. Оны ашық мойындауға тиіспін. Құқық қорғау органдарының басшылары өздеріне жауапкершілік алуға жүрексінді. Жігерсіздік танытты. Мен оларға: «Егер маршал Рокоссовский мен маршал Жуков Сталиннен әрбір іс-қимылдары туралы күнде келіп, рұқсат сұрай берсе, соғыста жеңер ме еді?» – дедім. Бұл – нағыз соғыс. Жауапкершілікті мойынға алу керек еді. Осыған орай ашық мәлімдеме жасағанға дейін қарулы содырларға қарсы оқ атуға тиіспіз деп айтқан болатынмын. Мен жауапкершілікті өз мойныма алдым. Ал өз мәлімдememде мұны қайталадым. Өйткені жауапты адамдар жүрексінді. Дәл осындай жағдайда Мемлекет басшысы жауапкершілікті өзіне алуға тиіс деп ойлаймын. Мен кәсіби дипломатпын. Мұның салдары қандай болатынын білдім. Бірақ мен үшін мемлекеттің мүддесі, азаматтарымыздың қауіпсіздігі бәрінен де маңызды еді. Мен ол кезде Батыстың не дейтіні туралы емес, елімізде тәртіп орнатуды ғана ойладым.

▶▶ Ал енді «қарыздар» және тағы да басқа қауесеттерге келер болсақ, бұған қатысты Владимир Путинмен ешқандай әңгіме болмағанын ашық айтамын. Кремль тарапынан да алдын ала ешқандай шарттар айтылған жоқ.

Түптеп келгенде, Қазақстан үшін Ресей одақтас мемлекет. 2013 жылы Екатеринбургте тиісті шартқа қол қойылды. Айтпақшы, мен ол кезде Женевада едім. Сондықтан бұл шартты әзірлеуге қатысқаным жоқ. Онда Қазақстан мен Ресейдің одақтастық қатынастары туралы айтылған. Біздің елдеріміз арасындағы байланыстар Алматыдағы оқиғаларға дейін де әрдайым тығыз, сындарлы, әрі шын мәнінде серіктестік сипатта болды және жалғаса береді.

Мен ақпан айының ортасына қарай Ресей Президентінің шақыруымен Мәскеуге сапармен барамын. Сонда елдеріміз арасындағы ұзақмерзімді ынтымақтастыққа қатысты аса маңызды келісімге қол қоямыз.

▶▶ Саудаға салу деген мәселе ешқашан болған емес. Жеке басының артықшылықтары жайлы да әңгіме қозғалған жоқ. Тек Қауіпсіздік Кеңесінің Төрағасы мәртебесіне қатысты мәселені шұғыл шешу жөнінде әңгіме болды. Жасыратыны жоқ, жағдай ушығып кеткендіктен, мен халыққа үндеу жасап, осы сәттен бастап Қауіпсіздік Кеңесінің Төрағасы екенімді мәлімдейтінім туралы мәселе көтердім. Бұл – сол сәтте шешілген мәселе. 28 қаңтарда «Нұр Отан» партиясының съезі өтті. Сонда мен сөз сөйлеп, Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың тарихи рөліне лайықты баға бердім. Бұл әділ баға деп есептеймін және алдағы уақытта халқымыз осыған тоқтайды деп үміттенемін.

▶▶ Ресейде техникалық білім беру сапасы жоғары. Бұл бәріне белгілі. Мысалы Мәскеуде МФТИ, Бауман училищесі, Новосібір университеті, Томск университеті және басқа да жоғары оқу орындары бар. Әрине, ешкімді міндеттемейміз. Ол жай ғана Ресейге оқуға жіберген дұрыс деген ұсыныс болатын. Біріншіден, тіл мәселесінде кедергі жоқ. Екіншіден, екі ел стратегиялық серіктес, ірі бизнеске қатысты бірлескен кәсіпорындарымыз да бар. Бізге Ресейде оқып, техникалық мамандық алған кадрлар қажет. Кейбіреулер Батыста білім алғысы келеді. Оларға да еш кедергі жоқ. Бірақ ол жақтың білімінің өзіндік ерекшеліктері бар екенін түсіну керек. Батыстың білімін идеал тұтпас едім. Олардың университеттері де диплом басып шығаратын кеңселерге айналып кеткенін білеміз. Жасыратыны несі бар, біздің кейбір жастарымыз Батыстағы «ақшаңды төле де, біраз уақыттан кейін дипломыңды ал» дейтін оқу орындарында оқыған. Онысын танымал университет бітірдім деп, тым әсірелеп жібереді.

▶▶ Жұмыс өте көп. Ең алдымен, орта және шағын бизнеспен айналысатын кәсіпкерлердің санын көбейтуіміз керек. Басқа жолы жоқ. Соларға жағдай жасап, несие ресурстарының қолжетімді болуын қамтамасыз еткен жөн. Біздің экономикамыз соншалықты үлкен деп айта алмаймыз. Қазір еуразиялық интеграцияның дұрыс немесе бұрыс екенін саралап отыратын уақыт емес. Қалай болғанда да, еуразиялық кеңістікте өмір сүріп жатқанымызды мойындауымыз керек. Сондықтан оған бейімделіп, мемлекет мүддесі тұрғысынан интеграцияның игілігін көруге ұмтылған абзал. Бұл біздің Үкіметіміз үшін ауқымды әрі өте күрделі жұмыс. Үкімет қызметінің осы бағытына ерекше мән беремін. Бұған жауапты министр Премьер-Министрдің орынбасары деген мәртебеге ие болды. Өйткені ол Мәскеуде де, Еуразиялық экономикалық комиссия аясында да тең дәрежеде келіссөз жүргізе білуге тиіс.

▶▶ Мен кадрлардың бәрін ауыстыруға қарсымын. Біріншіден, оларды біліктілігі мен жұмыстарының сапасына қарай бағалау керек. Жұрттың талабы осы екен деп Үкіметті жүз пайыз өзгертіп, «Міне, мен келдім, мен – революционермін» деу – менің тәсілім емес.

Екіншіден, кадр да көп емес. Осы орайда мынадай бір әзіл-әңгіме бар, бәлкім бұл рас болуы да мүмкін. Бірде Берия Сталинге келіп, «Жазушыларға шара қолдану керек. Фадеев ішеді, Шолохов ішеді, Вишневский ішеді, Симонов ішеді, Алексей Толстой да бұдан кет әрі емес», – дейді. Сталин оған: «Менің басқа жазушыларым жоқ», – деген екен.

Бұл жерде де лайықты министрлерді іздеу керек. Көшеден әкеліп тағайындай салуға болады. Ондай жағдай әлем тарихында да бар. Бірақ бұл тұрақсыздыққа әкелуі, бүкіл жүйені шатқаяқтатып жіберуі мүмкін. Сондықтан кадр мәселесіне мұқият болған жөн. Алдағы уақытта жан-жақты ойластырылған, пысықталған өзгерістер жасалатыны анық. Біз, ең алдымен, Қауіпсіздік Кеңесінің аясында ұлттық қауіпсіздік жүйесін реформалаймыз. Қаңтардағы қайғылы оқиғалар бұл мәселенің қаншалықты өзекті екенін көрсетті. Сондықтан осы проблеманы көп созбай шешу қажет.

▶▶ Әрине, оппозиция бізде бар, бірақ көбінесе көшеде ғана. Сізбен келісемін. Билік партиясының өзінде де оппозиция бар. Бұған дейін айтқанымдай, партия қоғам қажеттіліктерін ескере отырып, қайта құрылуға тиіс. Мәжілісте бірнеше күшті партиялар болуы керек деп санаймын. Тіпті Үкіметті жасақтау кезінде конституциялық басымдық болмаса, олар ортақ мәмілеге келу керек. Бізге саяси мәдениет қалыптастырып, саяси қайраткерлерді өсірген жөн. Себебі мұндай экстремистік жағдайларда бізге қоғамдық популизм мен экзальтация қажет емес. Мысалы, Германияда барлығы да мәдениетті түрде өтеді. Партиялар ауысады. Адамдар байсалды сөз сөйлейді. Басқа партиялар оларды тыңдап, белгілі бір мәмілеге келеді. Үкіметтегі негізгі лауазымдарға өздерінің адамдарын ұсынады. Уақыт өте келе, біз де осыған келеміз деп ойлаймын. Мен Президент болып тұрған кезде осы нәтижеге қол жеткізгім келеді.

▶▶ Бұрынғының бәрін сынай бермейік. Қалай болғанда да, бұл – біздің тарихымыз. Бірақ менің Президент ретіндегі басты міндетім – бүкіл қоғамды және барлық саяси жүйені, соның ішінде экономиканы трансформациялаудың оң нәтижесіне қол жеткізу. Қазақстан халқына арнаған ең алғашқы Жолдауымда саясат пен экономика қатар жүретінін айтқан едім. Қазіргі тарихи жағдайда бүгін экономикамен айналысамыз, ал саясат күте тұрады деп айта алмаймыз. Экономикалық жаңғыруды қарқынды жүзеге асыруда саясат та маңызды рөл атқаратыны белгілі. Түптеп келгенде, баршамыз Маркcты оқыдық, әсіресе, менің замандастарым. Бұл жөнінде Маркcтың: «Негіз – бұл экономикалық базис. Бірақ экономикалық базиске ықпал ететін саяси құрылым бар. Кейде экономикалық базиске қарағанда, саяси құрылым әлдеқайда маңызды рөл атқарады» деген ой-тұжырымы бар. Сондықтан қоғамды саяси трансформациялаумен қатар экономиканы қайта жаңғыртуды да бірге алып жүру керек. Бұл – менің миссиям. Қанша уақыт Қазақстан Президенті болатынымды білмеймін. Бірақ нақты білетінім, Конституцияға сәйкес екі мерзімнен ұзақ отыра алмаймын. Яғни, ешқандай заңға, әсіресе Конституцияға өзгерістер енгізілмейді.

Турасын айтайын, сот жүйесіне алаңдаушылықтың болуы заңды. Қазіргі уақытта реформа жүргізіліп жатыр. Оның қалай және қандай қарқынмен іске асырылып жатқаны – басқа мәселе. Мен кәсіпкерлермен өткен кездесуде бұрын болмаған Әкімшілік істер жөнінде алқа құру туралы айттым. Бұл құрылым кәсіпкерлік мәселелерді, инвестициялық дауларды қарастырумен айналысады. Қазір біз судьяларды іріктеу кезінде шешуші рөл атқаруға тиіс Жоғарғы Сот кеңесінің мәртебесін біршама күшейтіп келеміз. Судьялар корпусына кәсіби судья емес адамдарды да жібердік. Кәсіби судья әділ төреліктің кепілі деген сөз емес қой. Сол сияқты корпоративтік сектор мен басқа да салаларға мамандарды жолдап отырмыз. Яғни судьялардың кәсіби құрамына өзгеріс жасау қажет. Оларға қойылатын басты талап – адалдық пен әділдік.

▶▶ Институт ретінде Европарламентке деген көзқарасым дұрыс. Осы құрылымға мүше болу мемлекеттерге қаншаға түсетінін адамдар білсе, онда бұл институтқа деген сыни көзқарастары күшейе түсер еді. Бірақ бұған тоқталғым келмейді. Өйткені бұл – Европалық одақтың мәселесі. Егер олар мұндай институт қажет деп санаса, өздері білсін.

Қарар ештеңеге міндеттемейді. Ұсыныс ретінде айтылған. Қазақстанға қатысты екінші рет қарар қабылданып отыр. Мұны мүлдем объективті емес және күні бұрын қабылданған құжат деуге болады. Сондықтан бұл қарарға бола еш алаңдамаймын. Қазақстандағы оқиғаларға қатысты халықаралық тергеуге келетін болсақ, мұндай тергеу жүргізудің қажеті жоқ деп есептеймін. Өзіміздің де қолымыздан келеді. Бізде де адал әрі әділ мамандар бар. Бүгін ол азаматтардың біразының аттарын атадым. Бұл комиссияларды құруға мен де және менің әкімшілігім де қатысқан жоқ. Өздері ерікті түрде осындай институт құруға шешім қабылдады. Жұмыс істесін. Өйткені мен де ақиқаттың ашылып, шындықтың айтылуына мүдделімін.

Тағы бір айта кетерлігі, бұл қарардың қабылдануына лоббистер түрткі болған. Лоббистер – кезінде Қазақстанның қыруар ақшасын қалтасына басып шетелге кеткендер. Қазір олар сол ақшаларын елімізде түрлі шерулер ұйымдастыруға жұмсап, «қаншалықты жаман болса, соншалықты жақсы» деген қағидаға сүйенетін адамдардың тапсырысымен жұмыс істейді. Мен бұларды Өзбекстанның олигархтарымен салыстырамын. Шетелде мол қаражат тапқан олар өздерінің тарихи отанына келіп, Өзбекстан Президентінен «Өзбек халқына не істей аламыз, қандай көмек керек?», – деп тапсырма сұрайды. Содан кейін өз қаражаттарына ауруханалар, инфрақұрылымдар салады. Елімізде отырып немесе шетелде жатып, өз еліне шабуылдайтын біздің олигархтардың өзбек олигархтарынан айырмашылығы міне, осындай.

▶▶ Қытайға қатысты айтар болсақ, көршіні біз таңдамаймыз. Қытай, ең алдымен, біздің Құдай қосқан көршіміз. Екіншіден, Қытай – экономикалық даму жағынан орасан зор табысқа жеткен ел. Жоғары технология, жасанды интеллект тұрғысынан алып қарағанда, алдыңғы қатарда тұрған мемлекет. Әрине, Қытаймен ынтымақтастық жасауымыз керек. Біз Қытайдың нарығына тәуелдіміз. Елімізде стратегиялық өнімдер шығаратын ірі кәсіпкерлердің бәрі қытай нарығына үміт артады. Бұны жоққа шығару дұрыс емес. Қытайға қарсы шеру өткізетіндер өздерінің саяси мақсатын жүзеге асырғысы келетіні анық. Бәлкім олар экономикамызға не қажет екенін мүлде түсінбейтін және экономикалық шынайы ахуалдан хабары жоқ адамдар. Әйтпесе, әлемдік қоғамдастықта геосаяси қақтығыстар жүріп жатқан қазіргі кезде оларға қандай да бір қорлар мен құрылымдардан ақша төленуі де мүмкін.

Жуырда өткен «Орталық Азия – Қытай» саммитінде былтырғы 11 айдың ішінде екі ел арасындағы сауда айналымы 17 миллиард долларға жеткенін айттым. Бұл – маңызды көрсеткіш. Біз Қытаймен арадағы сауда-экономикалық, инвеститциялық серіктестікті одан ары дамытуға мүдделіміз. Қытайды тануымыз және қытай тілін үйренуіміз керек. Әрине бұл «ақ жалау көтеріп, алдынан шығу» деген сөз емес. Біз Қытайдың үлкен әрі ұлы мемлекет екенін және екі елдің өте жақсы қатынаста болуы керектігін түсінгеніміз жөн.

Ал АҚШ-тың қазіргі әлемде маңызды рөл атқаратыны баршаға мәлім. Біз энергетика саласы мен ядролық қаруды таратпау мәселесі бойынша әрқашан ынтымақтастықты дамыту бағытын ұстандық. Қазақстан бұл бағытты жалғастыруға дайын.

▶▶ Мемлекет басшысының міндеті – аса күрделі шешімдер қабылдау. Біз бүгін құқық қорғау органдарына қарулы бандиттерге байланысты берген бұйрығым туралы айттық. Әрине, мен өзіме және беделіме нұқсан келтіретін шешім қабылдадым. Әлемдік қауымдастық алдында мінсіз тұлға болып, қол алысып, сөз сөйлеп жүре берген, әрине жақсы. Ал сынға ұшыраған оңай емес. Сөз мемлекеттің қауіпсіздігі туралы болып отыр. Ең алдымен, өз азаматтарымыздың амандығын ойлаған абзал. Бұл мәселе үнемі Президенттің жадында болуы керек.

*Қарағанды облысының әкімі Ж. Қасымбектің Жезқазған қаласы активі және жұртшылығымен кездесуі тартысты өтті. Қала әкімдігі тарапынан ескі тәсілге жүгіну, яғни, залда отыратын жұртшылықты сегіз сүзгіден өткізіп, тізім арқылы жинау әрекеті жасалғанына қарамастан талай өткір сұрақтар қойылды.*
*Менің байқағаным облыс әкімінің Жезқазған, Сәтбаев қалаларының жұртшылығымен кездесуге келе жатқанын қарапайым халықтың тоқсан пайызының естімей де қалғаны. Ақпарат еш жерде жарияланбаса, жарияланбауын қатты қадағаласа қайдан естісін?!*

# Жеңіс ҚАСЫМБЕК ХАЛЫҚТЫҢ ҮНІН ЕСТІП ОТЫР

Кездесуден бір күн бұрын кешке таман фейсбук әлеуметтік желісіндегі «Сарыарқа күнделігі» тобына шыққан кездесу туралы үш-төрт сөйлемнен тұратын ақпаратты қалалық әкімдіктің жұмыс істеп алдырып тастағанын да естіп отырмыз. Кездесу барысында қала әкімі Қайрат Әбсаттаров барынша ашық отырды. Кездесуге кім келсе де қарсылығы болмағанын да сездіріп-ақ бақты. Олай болса, Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың еститін мемлекет, Жаңа Қазақстан құру туралы тарихи да тағдырлы бастамасына бұрыннан әбден сүйектеріне сіңіп қалған әдеттері бойынша қарсы шығып отырған қала әкімінің орынбасары Зина Ақылбекова мен ішкі саясат бөлімінің басшысы Мереке Мырзабекова болғаны ғой. Осы екі шенеуніктің жай тұрғандарды былай қойып, қалада елу жылға тарта шығып келе жатқан «Saryarqa» газетінің бас редакторы болып отырған менің де кездесуге кіруіме кедергі келтіруге барынша тырысқандарын айтып өтпеске амалым болмай отыр. Ескі сүрлеу, солақай соқпақпен тарта беретін болсақ, Жаңа Қазақстанды қалай құрмақпыз?! Сондағы маған аудио арқылы айтқан, уотсап арқылы жазған уәждері: «облыс журналистерін өздері алып келеді. Сіздерге солар жазады. Суретке де өздері түсіреді. Облыс әкімінің баспасөз хатшысы М. Шаповалованың талабы осындай» дегенге саяды. Ал, кездесуде мен облыс әкімі Ж. Қасымбектің «еститін мемлекет құруға атсалысайық» деген құлшынысын көзіммен көріп, бір оң өзгеріс болатынына сене түскендей бір күйді бастан кешірдім. Ескі жол, таптауырын тәсілден айналшықтап шыға алмау, бір орында ұзақ жылдар бойы тапжылмай отырып алатын басшыларға тән екен-ау деген ойдың туғанын да жасырмай-ақ қояйын...

Ал, кездесу шыншыл әрі мүмкін болғанша нәтижелі болды. Спикерлік жасап отырған облыс әкімі де, оның жанындағы облыстың прокуроры Құсайын Игембаев та барша сұрақтарға бүкпесіз, жалтарып, бұлтарусыз жауап беріп отырды. Кейбір ұстараның жүзіндей шебердің бізіндей сауалдарға да салқын қанды, сараптамасы басым жауаптар алды жезқазғандықтар.

Алдымен сөз алған Сағындық Қожамсейітов қаланың экологиялық ахуалына алаңдайтынын дәйекті түрде жеткізе келе, «Қазақмыс» корпорациясы кәсіпорындары халықтың денсаулығына аса зиянды қалдықтарын суға, ауаға, топыраққа сіңіріп отырғанын жеткізді. Олардың ішінде кадмий, сынап тәрізді аса улы элементтердің бар екеніне айрықша тоқталды. «Қазақмыс» күкірт қышқылы цехын саламыз дегелі бірнеше жыл өтсе де, мәселенің әлі сөз түрінде ғана қалып тұрғанын да жасырмады. Соған қоса қала ішіне және сыртқы аумағына тал-терек, жасыл желек егіп, өсіру жұмысына да мыс алыбының кейінгі жылдары салғырт қарап отырғанын жеткізді.

Сұрақтарды мұқият тыңдағын Жеңіс Махмұтұлы әрқайсысы бойынша жауап бере келіп: «Бұлар ауқымды мәселелер. Сол себепті бір айдан соң мен арнайы келейін. Үкіметтен келісіп экология министрінің орынбасарын, «Қазақмыстың» басшыларын да шақырып, келтіріп айтылған мәселелерді нақты шешудің жолдарын бекітейік», – деді. Ардагерлер кеңесінің төрағасы Мұрат Қазанбаев «Қазақмыстың» өз ардагерлеріне курорттық-санаториялық жолдамалар беретініне тоқталып, басқа да салаларға барын берген қалалық ұйымдағы он мыңға тарта ардагерлер де жолдамадан тыс қалмаса екен деген ойын жеткізді. Келесі болып сөз алған аймағымыздың сыйлы азаматы, Қарағанды облысының Құрметті азаматы Төлеген Бүкіров қашандағыдай шындықтың туын биікке тікті. Ел ағасы ретінде елдегі жағдайға қабырғасы қайысқан кейіпте ащы да болса ақиқат сөзін іріккен жоқ. «Жазушы Шерхан Мұртазаның бір сөзі кешегі қаңтар оқиғасынан бері құлағымнан кетпей тұр. Қазақ халқының бір қасіреті бар. Ұдайы кесапатқа ұшырап отырады деген. Мен келмеске кеткен Кеңес Одағымен бірге қазақтың қасіреті де ере кеткен шығар деп ойлап едім. Қаңтарда болған оқиға қазақтың сүйегіне түскен таңба болды. Сол күндері көптеген адам ажал құшты. Соның ішінде өлгендер де қазақ, түрмеге түскен де қазақ, жылап жүрген де қазақ! Егемен ел болдық деп отыз жыл бөркімізді аспанға атып жүріп біз қайда келдік?! Қазақ елінің болашағы қандай болмақ? Жаңағы тұрмыстық сұрақтар шешілер, қала мен су, экология да тазарар. Ал, біздің көкрегіміз бен ойымыз қашан тазарады? Бай мен кедейдің, бастық пен жұмысшының арасы өте алшақтап барады. Аңда-саңда Президент келсе, халықты електен өткізгендей сұрыптап сен барасың, сен қаласың, ал сен мынаны ғана айтасың деп қолынан қолхат алып қана кездесуге кіргізеді. Сөйтіп жүріп жеткен жеріміз, міне, осы болды. Алда да осы саясатпен кете берсек, енді бір дүрбелең болса мемлекетіміз шыдай алмайды деп ойлаймын. Жеңіс Махмұтұлы, мен жас көшбасшылардың ішінде Сізді сыйлаймын. Елмен бірге жүресіз. Әркашан қандай сынды болсын дұрыс қабылдап, айтылған мәселе бойынша шешімдер қабылдап жатасыз. Кешегі ел толқыған күндері мен алаңда да, кеніштерде де болдың. Неге шықты сол жастар? Олар емес, аға буын біз кінәліміз. Билік халықтың үніне құлақ асуды қойды. Өзім білемдікке салынудың соңы, міне, мынандай болды. Қарағанды облысының аумағы өте үлкен. Қай облыс әкімі болса да оны құшағына да сыйғыза алмайды, қадағалап та үлгермейді. Сондықтан да Жезқазғанның облыс статусын қайтарып беруі керек. Олай болмайынша бұл аймақ дами алмайды. Кадр таңдау мәселесі де көңілден шықпайды. Осы Жезқазғанға кімдер келмеді? Жынды бала атанғандары да бар ішінде. Сонда Жезқазған аймағы сынақ алаңы ма жоғары жақ үшін? Өмір көрген, өндірісте шыңдалған Талғат Аханов, Бақтияр Қырықпышев, жас та болса бас бой жүрген Мұрат Борібаев сияқты жергілікті кадрлар да бар. Соларды неге көрмейсіздер?» - деген Төлеген ағамыз басқа да бірқатар мәселелерді өткір айтты.

Жалпы жиынға қатысқан қаланың белді азаматтары елге деген жанашырлықтан туған ойларын ортаға салудан тартынған жоқ. «Кәсіпқорған» кәсіподақ ұйымының басшысы Ерболат Сатыбалдин Қарағанды облысының бірнеше қаласындағы кеншілер мен балқытушыларға пайызы төмен ипотекалық несие беру үшін облыстық бюджеттен 1 млрд. теңге бөлінгенімен, ол тізімге Жезқазған, Сәтбаев қалаларының кірмей қалғанын тілге тиек етіп, облыс әкімінің мәселені оң шешуін сұрады. Облыс басшысы бұл уәжге тоқтап, бұл мәселені қысқа уақытта шешуге уәдесін берді. Облыстық мәслихаттың депутаты, ел ағаларының бірі Бауыржан Шыңғысов бірнеше сұрақты көтерді. Соның ішінде аймақ халқы арасында онкологиялық ауру түрлерінің көбейгенін жеткізіп, бұл сұрақты жартылай шешімдермен шектемей, жаңа онкологиялық аурухана салуды ұсынды. Оған облыс басшысы да келісіп, алдағы сессияда құрылысты бастауға қажетті құжаттарды түзуге қомақты қаржы бөлетінін, бірақ жаңа аурухана құрылысына кемі екі-үш жыл кететінін айта келе, оған дейін қаладағы ауруханадан онкоаурулар үшін 50 орындық бөлімше аша тұру дұрыс екенін ортаға салды. Қалалық мәслихаттың хатшысы Әбдірахман Досанов жас мамандардың «Қазақмыс» корпорациясына жұмысқа тұруы қылкөпірден өткендей қиын екенін айтып, осы мәселенің оң бағыт алуына Жеңіс Махмұтұлы атсалысса екен деді. Оған өңір басшысы осы кездесуден соң корпорация жұмыскерлері және басшыларымен болатын кездесуде мәселені көтеруге уәде берді. Басқа да сөз алғандардың барлығы тек қана елдің ортақ мәселелеріне алаңдаған ойларын, тілек-ұсыныстарын ортаға салумен болды. Аймағымызға танымал елжанды азамат Абзал Мулаков үлкен басшылармен болатын кездесулер туралы ақпараттың әдейі таратылмайтынын, залдарға халықтың тізіммен қана таңдалып шақырылатынын, сол себепті мәселесі қитығына тиіп жүрген қарапайым тұрғындардың басшыларға қолы да, сөзі де жетпейтінін жеткізді. Мысалы үшін дейді Абзал ашынып « – Осы залды қарап отырмыз. Бес-алты адамнан басқасы әкімдіктің, мемлекеттік органдардың қызметкерлері. Сонда халықтың жағдайын қалай білесіз? Халықпен кездесу дегенде халық болуы керек емес пе? Менің негізгі айтайын дегенім Жезді су қоймасы туралы еді. Кезінде 100 млн. текше метрге таяу су жиналатын қойма еді. Бүгінде батпағы көтеріліп, су құйылатын жағдайы қалмаған. «Қазақмыстың» кеніштерінің, Сәтбаевтың жылумен, сумен жабдықтау кәсіпорнының улы қалдықтары келіп құйылады. Жақында арнайы мекемеден келіп сынама алғандар қолдануға жарамсыз деген қорытындыны ресми беріпті. Осы су қоймасын негізінен ластап отырған «Қазақмыс» корпорациясы қаржы бөліп, тазалатса деймін. Сонда маңайын игеріп, екпе шөптер өсіріп, мал шаруашылығының дамуына серпін беруге болар еді. Осы су қоймасы маңының суармалы егістікке қолайлы 45 мың гектар жерін біреулер рәсімдеп алыпты. Бірнеше жыл бойы игермей құр ұстап отыр. Қала әкімі де соттасып жеңе жүрген көрінеді. Осы жер мәселесіне көмектесіңізші» – деді А.Мулаков. Аймақтың және бір белсенді азаматы Арман Ашимов кезіндегі облыстық ветеринариялық зертхананың жөнсіз жабылып, 200 мың халқы бар Жезқазған-Ұлытау аймағынан 30 мың тұрғыны бар Жаңаарқа ауданына көшіріліп жатқанын қынжыла жеткізді. Бұл ақпаратты таң қала тыңдаған облыс әкімі облыс прокурорларымен бір сәт кеңесіп алған соң «құрылысы толық аяқталмаса да, ақшасы игерілген модульдік зертханалар мәселесін де, бір қабаты түнгі клубқа айналдырылған зертхана ғимаратының мәселесін де қатаң бақылауға алатынын кесіп айтты. Облыс прокуроры да өз кезегінде қала прокурорына ел алдында тапсырмасын беріп те үлгерді. Басқа да сұрақ көтерген азаматтар толыққанды жауаптарын алып, ризашылықтарын білдіріп жатты. Кездесуден көргеніміз облыс әкімі Жеңіс Қасымбек халық үнін естіп отыр екен. «Әлі талай кездесеміз. Аймаққа екі ай сайын келіп тұрамын. Қандай мәселе болса да, осылай бірлесе шешейік. Алдағы кездесулерде белсенді азаматтар мен жергілікті блогерлер де болсын. Ешкім оларға кедергі келтірмесін» – деді ол.

**Әнуар ОМАР**



*Жаңғырығы жер-жаһанға жеткен кешегі қаңтар оқиғасы шенділер мен шекпенділерді ғана емес, шенеуніктерді де жылы орнынан көтерді. Әкім-қаралар кабинеттерінен шығып, елмен кездесіп жүр. Жай кездесіп қана қоймай, кеңесіп, ой түйіп, уәде де беруде. Сондай бір алқалы жиын сәрсенбіде Сәтбаев қаласында да өтті. Қарағанды облысының әкімі Жеңіс Қасымбек өңірімізге жасаған жұмыс сапарын кеншілер қаласынан бастады.*

# КЕЗДЕСТІ. КЕҢЕСТІ. УӘДЕ ЕТТІ.

## АЛ НӘТИЖЕСІН УАҚЫТ КӨРСЕТЕР

Аймақ басшысы әуелі қаладағы қордаланып қалған мәселелері бар бірқатар әлеуметтік нысандарды аралап, мәселенің мән-жайына қанықты, жұмысты көзімен көрді. Соның бірі спорт-тық-сауықтыру кешені. Соңғы екі-үш жылда сол спорт кешеніндегі футбол алаңының үрлемелі күмбезі екі рет құлады. Әбден тозығы жеткен жабынды жел ұстап тұра алмай әбігерге салып, әупірімдеп жөндеп алған еді. Енді келіп бассейннің күмбезі де желі шыққан местей болып қалды. Оны темір-құрамамен жауып алды. Қазір ішкі жабдықтары жөнделіп жатыр. Оған осы кешеннің «Жастар» спорт залын қосыңыз. Мұның бәрі қаланың қаржы қоржынына үлкен салмақ болып тұр.

Қалада құрылысы сағызша созылып келе жатқан тағы екі нысан бар. Оның бірі – «Оқушылар сарайы». Осыдан үш жыл бұрын басталған нысанның бағы жанбай-ақ қойды. Біресе бөлінген қаржысы жетпей қалды. Енді келіп тапсырыс беруші мекеменің әкімшілік басқару тетігі облысқа ауысып кетті. Осылардың бәрі нысан құрылысының уақытылы аяқталуына кері ықпалын тигізіп тұр. Жаңадан салынып жатқан балалар бақшасының да кебі осындай.

Өңір басшысы осының бәрін көріп, танысып шықты. Содан кейін барып Ш. Ділдебаев атындағы Кеншілер сарайында қала активімен кездесті.

– Қаңтар қасіреті еліміз үшін нағыз сын сағаты болды. Елдің әр аймағында наразылық акциясы ұйымдастырылып, көпшілік көшеге шықты. Әрине, мұның бәріне елдің әлеуметтік жағдайы, дүркін-дүркін болып жатқан қымбатшылық әсер еткені рас. Оны Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев мәжіліс отырысында жасаған мәлімдемесінде ашық айтты. Айтып қана қойған жоқ, сол мәселелерді шешу үшін жергілікті билікке, депутаттар мен министрлерге қадау-қадау тапсырмалар берді. Міне, осы мақсатта біз елге шығып, жұртпен жүздесіп, келелі мәселелерді кеңесіп шешуге келіп отырмыз, – деді алқалы жиынды ашқан Жеңіс Қасымбек.

Аймақ басшысы наразылық акциясына Сәтбаев қаласының кеншілері де шығып, «Қазақмыс» корпорациясының басшылары мен кеншілер қаласының әкімдігіне өздерінің талап-тілектерін жолдағанын айта келіп, кейбір аймақтардағыдай ашуға бой алдырмай, сабыр сақтап, мәселені байыппен шешуге ниет еткендеріне ризашылығын да білдірді.

Өз кезегінде Сәтбаев қаласының әкімі Асқар Ыдырысов кеншілер қаласының әлеуметтік-экономикалық даму бағыттары жайлы қысқаша баяндады. Бір әттеген-айы, баяндамада бүгінгі әңгімеге арқау болған жайлар мен қаладағы шешімін күткен мәселелер жайлы бір ауыз сөз айтылмады. Жеңіс Махмұдұлы да «менің күткенім басқаша мазмұндағы баяндама еді» деп айтып қалды.

Хоош. Сонымен кезек елдің көкейінде жүрген сауалдарға келді. Бұл тұрғыда қаланың Қоғамдық кеңесінің мүшелері белсенділік көрсетті. Мәселен, кеңес мүшесі, қаланың белсенді азаматы Әбулайс Молахов кешегі наразылық акциясына елдің еріккеннен шықпағанын, әлеуметтік алақұлақ пен бағаның дүркін-дүркін өсуі ашындырғаннан шыққанын айта келіп, облыс әкімінің назарын мына мәселелерге аударды.

– Сәтбаев қаласында бас ауырып, балтыр сыздай қалса көмек көрсететін заманауи аурухана жоқ. Қазіргі барының халі мүшкіл. Қаладағы орталық аурухана осыдан он жеті жыл бұрын жөнделіп еді. Қазір күйі кетіп тұр. Осыған облыстан қаржы қаралса. Екінші бір мәселе, жылу тарифі. Бұл да қазір елдің бас ауруына айналып тұр. Ал, оны жылу-энергетика кәсіпорнының басшылары назарларына да алмайды. Қоғамдық тыңдаудың өзін олар өз жұмыскерлері арасында ғана өткізіп жүр. «Қазақмыс» корпорациясының құрылымдарына қарасты мекеме болған соң жергілікті билікті көзге ілгісі келмейді. Сондықтан, барлық коммунальдық мекемелердің басшылары ай сайын елдің алдында есеп беріп, атқарылатын жұмыстарымен таныстырып отыруы керек. Онсыз ауа жайылған кәсіпорындардың кесірінен жуырда қала жылусыз, жарықсыз қалды. Оған кінәлі жылу-энергетика кәсіпорны. Кәсіпорын ток желілерін уақытылы қарамаған. Бағандардың ескіргендерін ауыстырмаған. Сәтін салғанда ауа райы жылы болды. Егер 25-30 градус аяз болғанда қаланың жылу жүйесі қатып қалар еді. Оның бетін әрі қылсын, – деді Әбулайс Молахов.

Осындай өзекті мәселені Алаш Тұрлыбек те көтерді. Қаланың оңтүстік-батысында №3 Сәтбаев байыту фабрикасының шайынды қалдықтарын сақтайтын дамба бар. Осы дамбадан ұшқан ақ шаң жаз бойы қаланың үстін тұмшалап тұрады. Ал, ол тозаңның құрамында адам ағзасына зиянды қаншама химиялық улы заттардың бар екенін айтудың өзі қорқынышты. Бірақ, «Қазақмыс» корпорациясының басшылары бұған бастарын ауыртқысы келмейді. Қоғамдық кеңес мүшелері мұны сан мәрте көтерді бірақ корпорацияның осы іске жауапты мамандары «тозаңды су сеуіп басып отырамыз» дегеннен әрі аспады. Күлесіз бе, жылайсыз ба?! Ала жаздай аспаннан тамшы тамбайтын біздің өңірде жаз бойы дамбаны қалай суландырып отырмақ. Осыған бір тоқсауыл қоятын шара жасасаңыз деген елдің өтінішін жеткізді өңір басшысына Алаш Мырқалұлы.

Жиында жолдың жыры, баға мен әлеуметтік дүкендердің, тұрақтандыру қорының жайы да айтылды. «Шындық» қоғамдық бірлестігінің басшысы Абдолла Дастанов «бағаны тұрақтандыру қорымен тұзақтаймыз деген бос сөз, оның орнына сол ақшаны әлеуметтік жағдайы төмен, көмекке шын зәру деген жандардың нақтылы тізімін жасап, соларға беру керек» деген ұсынысын айтты.

Облыс әкімі бұл ұсынысты қолдады.

– Қазір Үкіметте «Әлеуметтік әмиян» жобасы қызу қаралып жатыр. Оның бір бағыты осыған негізделген, – деген Жеңіс Махмұдұлы жиында көтерілген мәселелердің өзектілігіне тоқталып, оның орындалуын тікелей өзінің бақылауында ұстауға уәде берді.

Жалпы, аймақ басшысы елдің тарапынан қойылған сұрақтарға байыппен жауап беріп отырды. Оның айтуынша қалалық орталық аурухананы жөндеуге таяу уақытта қомақты қаржы бөлінетін болады. Жол мәселесі де біртіндеп шешімін таппақ. Биыл Жезқазған-Қызылорда бағытындағы жолды жөндейтін мердігерлер анықталатын болады. Келер жылы Қарағанды-Жезқазған жолына да түрен түспек.

– «Қазақмыс» корпорациясы басшылығы тарапынан шешілетін мәселерді бүгін компания басшыларымен болатын кездесуде көтеретін боламын. Келешекте кеншілер қаласында заманауи үлгідегі үлкен медициналық орталық салынатын болады. Жалпы, бүгінгі айтылған мәселелердің корпорацияға қатыстыларының өз шешімін табуына өз тарапымнан ықпал етемін, – деді Жеңіс Қасымбек жиынды қорытындылай келіп.

Қысқасы, облыс әкімі елмен кездесіп, толғақты мәселелерді тыңдап, оны шешу жолдарын кеңесіп, айтылған жайттардың сөз жүзінде қалмайтынына уәде етті. Ал оның іс жүзінде қандай нәтиже берерін уақыт көрсетер.

**Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ.**

*Сурет облыс әкімінің баспасөз орталығынан алынды.*

# КАДРЛЫҚ ӨЗГЕРІС



Мемлекет басшысының Жарлығымен Ерлан Жақанұлы ҚОШАНОВ Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің басшысы лауазымынан басқа жұмысқа ауысуына байланысты босатылып, ҚР Парламенті Мәжілісінің төрағасы болып сайланды.

Ерлан Қошанов 59 жаста. Ол 2019 жылдан бері Президент Әкімшілігін басқарған. 2017 жылдың наурызынан бастап Қарағанды облысының әкімі қызметінде болды. Бұған дейін ол Премьер-министрдің кеңсесін, Азаматтық авиация комитетін басқарды.

## АҚПАРАТ АРНАСЫ

### ТЕХНИКАЛЫҚ және КӘСІПТІК БІЛІМГЕ БӨЛІНЕТІН ГРАНТТАР САНЫ 25 мыңға АРТАДЫ

***Колледждерге бөлінетін мемлекеттік тапсырыс көлемі артады. Осылайша биыл 120 мыңнан астам қазақстандық тегін техникалық және кәсіптік білім алмақ.***

Бұл туралы білім және ғылым министрлігінде айтылды. Жаңа оқу жылында техникалық және кәсіптік білімге бөлінетін гранттар саны 25 мыңға артады. Осылайша 120 мың түлекке тегін білім беру жоспары енгізілді. Бүгінде елімізде 530-дан астам колледж бар. Сондықтан білім ошақтарын қолдайтын кәсіпорындар қатарын арттыру қажет. Осы мақсатта тәжірибеден өтуге келген студентке жетекшілік еткен маманға сыйақы төленеді. Ал практика кезеңі студенттің еңбек өтіліне есептеледі. Жыл сайын шамамен 145 мыңға жуық студент орта білімді тәмамдайды. Олардың 70 пайызы еш қиындықсыз жұмысқа орналасады екен. Десе де елімізде жұмысшы мамандар тапшы. Сондықтан білім саласындағы жаңа өзгерістер білікті кадр дайындауға, жастарды жұмыспен қамту мәселесін шешуге оң ықпалын тигізері сөзсіз.

### ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫНДАҒЫ ЖИНАҚ АЗАЙДЫ

***2021 жылы Қазақстанның алтын қоры 3,1 пайызға азайған. Бұған мемлекеттік қарызды төлеу мен валюталық интервенция себеп болған.***

Сөйтіп алтын қорымыз ұлттық қордың активтерін қосқанда желтоқсан айында 89,7 миллиард доллар болды. Ал инфляция былтыр 8,4 пайызды көрсетті. Ұлттық статистика бюросының мәліметінше 2020 жылдың желтоқсанында инфляция 0,9 пайыз, 2021 жылдың соңғы айында 0,6 пайыз болған. Сондай-ақ, қазақстандықтардың зейнетақы қорындағы жинағы желтоқсан айында 298,7 миллиард теңгеге азайып кеткен. Биылғы жылдың бірінші қаңтарындағы көрсеткіш бойынша қорда жалпы сомасы 13,1 триллион теңге қалған.

### АЗ ҚАМТЫЛҒАН ОТБАСЫЛАРҒА ПӘТЕР ЖАЛДАҒАНЫ ҮШІН МЕМЛЕКЕТ ЕСЕБІНЕН ӨТЕМАҚЫ ТӨЛЕУ МАМЫРДА БАСТАЛАДЫ

***Құжаттар сол кезден бастап тек онлайн қабылданбақ. Отбасы банкінің хабарлауынша қазір жоба әлі әзірлік үстінде. Оған сай мұқтаждарға пәтерақысының жартысын төлеп беру көзделген. Қалған 50 пайызын жалға алушының өзі төлейді.***

Бірақ баспана жалдау кезінде мына талапты ескеру керек. Отбасы мүшелерінің саны үш адамға дейінгі жанұя – 40; ал бес адамға дейінгілер – 60, алты және одан көп мүшесі бар отбасы 80 шаршы метрден үлкен үй жалдамаулары тиіс. Оның үстіне төлем барлығына тағайындалмайды. Тек баспанаға мұқтаж ретінде үй кезегінде тұрған: көпбалалы отбасылар, I және II топтағы мүгедектер және мүмкіндігі шектеулі бала асырап отырған немесе толық емес жанұялар ғана жәрдемге үміт арта алады. Әрі отбасының табысы жан басына шаққанда 36 мың теңгеден аспауы керек.

*Материалдар ұлттық арна сайтынан алынды*

## МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

***Мектеп қабырғасында жүргенде жоғары сынып оқушылары өздерінің болашақ мамандықтарына қарай икемделе бастайды. Әрине, әрбір түлектің арманы – жоғары оқу орнына түсу. Бұдан он шақты жыл бұрын елдің бәрі балаларын заң, мұнай саласына оқуға түсіретін. Өйткені бедел, абырой жинау үшін, тіпті «менің балам осындай мамандықта оқиды» деген сөзге бола қаласын, қаламасын ақылы бөлімге сүйреп әкелетін...***




# АУЫЛҒА КЕЛ, ЖАС МАМАН

## БІЛЕГІҢДІ СЫБАНЫП

Қазір қоғам талабы өзгерді. Жастар сұранысқа сай мамандықты таңдауды үйренді. Бірақ, бұл да мәселені толық шеше алмай отыр. Оқу орындары үкілеп ұшырған түлектердің негізгі тобы ауылға қайтпай қалады. Себебі айқын. Ауыл шаруашылығы саласына сай мамандық болмағандықтан, оларға ауылда жұмыс та, орын да жоқ. Солардың ішінде қала, ауыл деп бөлінбейтін мамандықтар – мұғалімдік пен дәрігерлік қана. Бұл екеуіне сұраныс ешқашан тоқтамайды. Сұраныс бар да. Алайда, жұмыс бола тұра ауылға жастардың келе қоюы да екіталай. Міне, сол себепті көптеген ауылдар жас мамандарға зәру.

### ЖАҒДАЙ БАРЫНША ЖАСАЛУДА

Хош. Солай екен деп, үкімет те қарап отырған жоқ. Қолдан келгеннің бәрін жасауда. Қазір ауылға баратын жас мамандарға көтерме ақы, тұрғын үй беріп жатыр. Осыдан 5-6 жыл бұрын жастар шалғай ауыл түгілі аудан орталығының өзіне бармайтын еді. «Дипломмен – ауылға» мемлекеттік бағдарламасы енгізіліп, оның әлеуметтік әлеуеті артқан сайын ауылда маман тапшылығы да сейіле бастады. Әрине, түбегейлі шешіліп кетті деп айта алмаймыз. Бірақ, әне бір жылдарға қарағанда көш ілгерілеідік. Оны Ұлытау аудандық экономика және қаржы бөлімінің мына ақпаратынан да айқын аңғаруға болады.

– Соңғы жылдары ауданымызға «Дипломмен – ауылға» мемлекеттік бағдарламасы бойынша жұмысқа келіп жатқан жас мамандар аз емес. Олардың дені әлеуметтік сала мамандары. Нақтылап айтар болсам, медицина мамандары, мұғалімдер, мәдениет саласының қызметкерлері мен ауылдық әкімдік қызметкерлері.

Бүгінгі күні біздің экономика және қаржы бөлімі бойынша есепке алынған жас мамандар саны жетпістің үстінде. Олай дейтінім, осынша жас маман біздің бөлім арқылы несие және әлеуметтік қолдау қаржыларын алып отыр. Бұлардың сыртында дипломмен ауылға жұмысқа келсе де құжаттары дұрыс болмай, қолдау шараларынан тыс қалып жатқандары да болуы мүмкін. Сондықтан да, биыл дәл осындай жас маман келді деп нақтылы айта алмаймыз, – дейді Ұлытау аудандық қаржы және экономика бөлімінің сектор меңгерушісі Ғалия Омарова.

Сектор меңгерушісінің айтуынша, өткен 2021 жылы ауылдық елді мекендерге тұрақты жұмыс істеуге келген 70 маман әлеуметтік қолдау шараларын алған. Оның ішінде 49 маман – білім саласының, 15 маман – денсаулық сақтау саласының, 2 маман – мәдениет саласының, 1 маман – спорт саласының,1 маман – АӨК қызметкері болса, 2 маман – ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппаратының мемлекеттік қызметшілері. Осы 70 маманға 291700 (100 АЕК) теңгеден 20469,0 мың теңге көтерме жәрдемақы төленген.

– Мұның сыртында әр жылдарда келіп, тұрғын үй болмағандықтан жәрдемақы орнына бюджет есебінен несие алған мамандар да бар. Мәселен, 2021 жылы ауылдық елді мекендерге тұрақты жұмыс істеу үшін келген 22 әлеуметтік сала мамандарына бюджет есебінен жалпы сомасы 91885,5 мың теңге несие берілді. Мұндай несиеге білім беру саласынан – 17 маман, денсаулық сақтау саласынан – 4 маман, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілерінен – 1 маман ие болды, – дейді Ғ. Омарова.

### ЫҚЫЛАС ЫРЫСҚА БАСТАЙДЫ

Қазір ауылдардың әлеуеті көтеріліп келеді. Анау айтқандай төрт құбыласы тең болмаса да әне бір жылдардан көш ілгері. Көшелер жарықтандырылып, спорт алаңдары, жастар саябақтары салынып жатыр. Мұның өзі жастардың ауылда тұрақтап қалуына азды-көпті септігін тигізуде. Рас, заманауи үлгідегі тұрғын үйдің болмауы бұл істе көп кедергі келтіруде. Үйі жоқтың – күйі жоқ екені мәлім. Осының салдарынан осыдан бірер жыл бұрын Сарысу ауылына келген дәрігер кетіп қалды. Сол уақытта оған бере қоятын ауылда лайықты баспана да болмады. Әйтсе де, кейбір ауылдық округ әкімдері ауылда бос қалған үйлерді жөндетіп, оларды жас мамандарға тұрғын үй ретінде берудің тәжірибесін енгізе бастады. Бұл да тығырықтан шығудың бір жолы.

Осындай ілкімді істердің арқасында ауылдарға жас мамандар барып жатыр. Әрине, ол қуанарлық жағдай. Қалай болғанда да, қолына диплом тиісімен, алғашқы еңбек жолын ауылдан бастаған жас мамандар – ауылдың көркі. Шалғайдағы елді мекендерге жан бітіріп, жаңалықты ала келетін де солар. Ауылдың тұрмысынан тартынбай, керісінше, басқа ауыл болса да, сіңісіп кеткендер бар. Олардың дені мұғалімдер. Ұлытау аудандық білім бөлімінің кадр жөніндегі әдіскері Ерлан Малдыбаевтың айтуынша, №5 Пионер негізгі мектебіне – 2, №9 Терісаққан орта мектебіне – 4, №11 Қосқол орта мектебіне – 3, №17 Байқоңыр орта мектебіне –2 жас маман барған. Бұлардың бәрі бүгінде осы ауылдарда тұрып, шәкірт тәрбиелеп жатыр. Бәріне әлеуметтік жағдай жасалған.

Бүгінгі күні ауыл да, аудан да тіпті қала да ақ желеңді мамандарға зәру. Әйтсе де «Дипломмен ауылға» бағдарламасының арқасында бұл мәселе де ақырындап шешімін тауып келеді. Қазір шалғай ауылдарға медбибілер барып жұмыс істеп жатыр. Аудандық ауруханалар бірлестігінің басшысы Жұмаш Мұсабековтың айтуынша ауданға келген дәрігер-мамандарды тұрақты қалдыру үшін тұрғын үймен қамтамасыз еткен.

– Бүгінгі күні ауданымызда екі дәрігер отбасымен келіп, тұрақты қоныстанып қалды. Ол үшін біз мемлекеттік бағдарламаға сәйкес жас маманға тиесілі әлеуметтік пакетті мүмкіндігінше жасадық. Десек те, көп нәрсе адамның ықыласына байланысты ғой. Егер ол адамда ауылда қалып еңбек етемін деген ынта, ықылас болса шарасы ырысты болары анық. Бүгінгі күні бізге келген екі маман ауылға сіңісіп, осы елдің іргелі отбасына айналып келеді, – деді Жұмаш Мұсабеков.

### ... АГРАРЛАР ҚАЙТЫП КҮН КӨРЕР

Дұрыс-ақ. Ауылға жас мамандар келіп жатыр. Ауылдар жасарып келеді. Бәрі тамаша. Бірақ, ауылдағы кадр мәселесі бір ғана әлеуметтік сала мамандарымен шешілмейді ғой. Ауылдарға ауыл шаруашылығы мамандары ауадай қажет. Агрономы, мал дәрігері, инженерлері жоқ аграрлар қалай күн көрмек?!. Қазір ауыл шаруашылығы заманауи үрдіске көшіп жатыр. Малды бағу, семірту, егін егу, орып-бастыру заманауи технологияға көшуде. Ал сол технологияның, техниканың тілін білетін маман бар ма ауылда? Жоқ. Оны оқытатын оқу орындары тапшы. Ал, оған баратын жастар жоқтың қасы. Өйткені, дәл қазір бұл мамандықтарға ауылдардан сұраныс болмай отыр. Басқа-басқа мал дәрігері жоқ ауылдар бар әлі.

Агроөнеркәсіп кешенінің тұрақты дамуы және өндірілетін өнімдердің бәсекеге қабілеттілігі көп жағдайда өндірісті білікті кадрлармен қамтамасыз етуге тәуелді. Сондықтан ауыл шаруашылығына қажетті мамандарды даярлайтын оқу орындарымен байланыс орнату, агроөнеркәсіп кешеніне қажетті кадрлардың саны мен сапасына талдау жүргізу, оларға қажеттілікті анықтау қажет.

Ауыл шаруашылығы мамандықтары бойынша бітірген түлектерді ауылдық жерлерде жұмысқа орналасу шараларын алу, кәсіптік тәжірибеден өтулерін ұйымдастыру ұтымды болар еді. Әйтпесе, жастар ауыл шаруашылығы мамандықтарына даярлайтын оқу орындарына бармайды. Үкіметтің қаржысымен квота бойынша оқығандардың өзі қайткенде де ауылға бармаудың жолдарын тауып кетіп жүр. Сол үшін де, ауыл шаруашылығы мамандарын даярлайтын жоғары оқу орындарының түлектеріне де барған жерлеріндe әлеуметтік-тұрмыстық жағдай туғызу, көтерме ақы беруді қарастыру қажет. Әйтпесе, қаланы да, даланы да азық-түлікпен қамтамасыз етіп отырған ауылға маман кадрлардың жетіспеушілігі бұрынғыдан да арта түседі. Ал, бұл өз кезегінде шетел рыногына шығатындай қабілетті, сапалы азық-түлік өндіруге кедергі болып қана қоймайды, өзіміздi өзіміз қамтамасыз етуді де қиындата түсері сөзсіз.

**P.S.**

***Қысқасы, қазір ауыл мен қаланың тұрмысы теңесті. Тіпті ауылдың тіршілігі артық деуге болады. Несімен артық? Қорасындағы бірді-екілі малымен артық. Қазір Құмкөлдің газы өңірімізге біртіндеп жеткізіліп жатыр. Ертең оңтүстіктегідей ауылдарға көгілдір отын келер де. Ал ауызсу, интернет, ұялы байланыс мәселелері шешілді. Әрине, мұғалім немесе дәрігер болу міндетті емес. Тек ауылдың сұранысына қарай мамандық таңдасаңыз, қай жерде де сізді күтеді. Сондықтан ауылға кел жас маман, білекті сыбанып. Ауылда ысыласың, ал қалада қалсаң қысыласың.***

**Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ.**

## ҚЫСҚА НҰСҚА

### АРТЫҚ АҚШАҢДЫ ЕМГЕ ПАЙДАЛАН

***Сиыр жылының басты сыйының бірі – жинақтаушы зейнетақы қорындағы артық ақшаңа баспана алу еді. Осы игі іс биыл да жалғасып жатыр. Енді сіз жинақ қорындағы артық ақшаңызды емделуге жұмсай аласыз.***

ҚР Денсаулық сақтау министрлігі зейнетақы жинақтарын жұмсауға болатын медициналық қызметтердің түрлерін де атады. Олардың ішінде зейнетақы төлемдерін біреудің атына берместен баланың емделуіне жұмсау мүмкіндігі бар. Сондай-ақ, зейнетақыны шетелде емдеуге пайдалану да қарастырылған. «Бұдан басқа, емдеу бойынша бұрын келтірілген шығындарды өтеу тетігін енгізу нормасы қарастырылған. Сондай-ақ, жинақтарды жұмсауға болатын медициналық қызметтердің тізбесі кеңейтілді: бұл Қазақстан аумағындағы медициналық ұйымдардағы стоматологиялық қызметтер, ортопедияның барлық түрлері және имплантацияның барлық кезеңдері, сондай-ақ ортодонтияның барлық түрлері, оның ішінде алып-салынбайтын конструкциялар. Бұдан басқа, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру көлемінен тыс экстракорпоралдық ұрықтандыруға зейнетақы артығын жұмсау мүмкіндігі бар», – деп хабарлады Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық көмекті ұйымдастыру департаменті өкілдері.

Қазіргі уақытта жаңа құжат Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігімен, сондай-ақ Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен келісу кезеңінен өту сатысында екен. Осыдан кейін оған денсаулық сақтау министрі қол қояды және тиісті бұйрық шығады.

### 4 ПАЙЫЗДЫҚ АВТОНЕСИЕ ҚАЙРА ЖАҢҒЫРАДЫ

***Отандық автомобильдерді халыққа қолжетімді ету үшін министрлік жеңілдікпен несие беру бағдарламасына бюджеттен қосымша қаражат бөлу мәселесін пысықтауда. Осы мақсатта «Бірінші отбасылық автомобиль» жобасы іске қосылмақ.***

Естеріңізде болар, жеңілдетілген автонесиелеу бағдарламасы 2015 жылы іске қосылған болатын. ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі бағдарламаны қайта іске қосудың бірнеше нұсқасын қарастырып жатқан сыңайлы. «Президенттің тапсырмасы бойынша халыққа жеңілдікпен автонесие берудің жаңа бағдарламасы да әзірленуде және оның бірнеше нұсқасы да қарастырылып жатыр» делінген аталған министрліктің ақпаратында. Бұған дейін ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министрі Марат Қарабаев үстеміздегі жылдың 4 пайыздан аспайтын, бастапқы жарнасыз автокөлік сатып алу мүмкіндігі қарастырылып жатқанын айтқан болатын.

Орайы келгенде айта кетейік, жеңілдікпен автонесие беру бағдарламасының шарттары мынадай. 1 жеңіл автокөлік құны – 15 млн теңгеден; несие мерзімі – 7 жылдан; соңғы қарыз алушы үшін номиналдық сыйақы мөлшерлемесі жылдық 4% аспауы тиіс. Бүгінгі таңда осы бағдарламамен сатып алу үшін елімізде құрастырылған Hyundai, KIA, JAC, Chevrolet және LADA сияқты автокөліктер қолжетімді.

**Аманкелді АҚШАЛ.**

# ТАЛАП СЕЛОЛЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ 2021 ЖЫЛҒЫ АТҚАРҒАН ЖҰМЫСТАРЫ ТУРАЛЫ ЕСЕБІ

**Қайрат БАПАНОВ,** ***Талап ауылының әкімі***



***Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауындағы көрсетілген мақсат-міндеттерді орындау мақсатында Талап ауылдық округі бойынша 2021 жылы атқарылған жұмыстар туралы есебімді назарларыңызға ұсынамын.***

***Мемлекетті экономикалық, әлеуметтік және саяси жағынан одан әрі демократияландыруда, жергілікті өзін-өзі басқаруды жетілдіруде, әкімшілік-экономикалық механизмдердің алатын орны ерекше.***

***Біздің мақсатымыз – мемлекеттік жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту тұжырымдамасының жаңа түрін қалыптастыру. Ол ауылдық, селолық деңгейде басқару сапасын арттыруға мүмкіндік жасайды және азаматтардың жергілікті маңызы бар мәселелерге қатысуын қамтамасыз етеді, бұл жергілікті басқару органдары арқылы халыққа жергілікті маңызы бар мәселелерді өз бетімен және жауапкершілікпен шешуіне нақты мүмкіндік береді.***

***Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауын, сондай-ақ Қазақстан Републикасы Президентінің 2021 жылғы 15 қаңтардағы VII шақырылымдағы Парламентінің бірінші сессиясында айтылған аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің және ауылдық округтердің әкімдерін тікелей сайлауы өтті.***

*Талап селолық округы 2021 жылы мынадай көрсеткіштерге қол жеткізді:*

## ХАЛЫҚ САНАҒЫ

***Президент жанындағы реформалар жөніндегі жоғарғы кеңестің шешімі бойынша ұлттық санақ 2021 жылы қазан айында өткізілді. Талап селосы бойынша 612 адам халық санағынан өтті.***

**Округ бойынша тұрғындар саны:**

| | |
|---|---|
| Талап селосы | **612 адам** |
| әйелдер | **282 адам** |
| ерлер | **330 адам** |
| *оның ішінде* | |
| экономикалық белсенді халық саны | **236 адам** |
| зейнеткерлер | **84 адам** |
| әр түрлі жәрдемақы алушылар | **15 адам** |

**Жалпы жер көлемі – 44558 гектарды** құрайды.

Талап селосы бойынша – **146** жеке үй, ескі Талапта – **3** үй тіркелген.

## БІЛІМ САЛАСЫ БОЙЫНША

***№14 Талап орта мектебінде 103 оқушы білім алады, оларға 33 мұғалім дәріс береді.***

Талап орта мектебінде 3 жастан жоғары 25 балаға арналған «Еркетай» шағын орталығы жұмыс атқаруда. Балалар 4 мезгіл тамақпен қамтамасыз етілген. Мектепке дейінгі даярлық сыныбында – 20 бала бар.

Бүгінгі күннің басым бағыттарының бірі - әлеуметтік сала. Мақсат – аз қамтылған топтарды қолдау, жұмыссыздық деңгейін төмендету.

2021 жылы жұмыссыз ретінде 24 тұрғын тіркелген, әр айда 14 азамат қоғамдық жұмыстарға тартылды. Жұмыссыз ретінде тіркелген 4 тұрғын тұрақты жұмысқа орналасты.

## БЮДЖЕТ

***2021 жылдың жергілікті өзін-өзі басқарудың арнайы шотында жыл басынан жиналған қаржы көлемі – 1 млн 242 мың теңгені құрады.***

800 мың теңге санитарлық тазалау жұмыстарына, 442 мың теңге көше шамдарын күтіп-ұстауға бөлініп, жұмсалды.

«Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру» бағдарламасы бойынша Талап селосы көшелерін жарықтандыру үшін **1 млн 160 мың теңге** электр шығынын төлеуге «Казэнергоцентр» ЖШС жұмсалды.

Электр желілерін күтіп-ұстауға (шам айырбастау, есептегіш құралдарды айырбастау) **442 мың теңге** жаратылды. Бұл жұмысты «Tau city-77» ЖШС жүргізді.

**«**Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру» бағдарламасы бойынша село ішіндегі жолдарды ағымдағы жөндеуден өткізу жұмыстарына **520 мың теңге** қарастырылған. Тендерді жеңіп алған «Үміт Сапар» ЖШС ауыл ішіндегі жолдардың шұңқырларын жөнге келтірді.

«Аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда, ауылдық округтерде автокөлік жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету» бағдарламасы бойынша **900 мың теңге** жоспарланған. Осы бағдарламаны іске асыру бағытында баға ұсыныстары әдісімен өткізілген тендер қортындысының жеңімпазы ретінде «Баймаганбетова Л» ЖШС танылып, **890 мың теңгеге** жұмыс атқарды. Үнемделген **10 мың теңге** бюджетке қайтарылды.

«Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету» бағдарламасы бойынша ауылдық округтерді санитарлық тазалауға **800 мың** теңге жоспарланған. Талап ауылында санитарлық тазалау жұмыстарын жеке кәсіпкер «Баймаганбетова Л» жүргізіп, оған **800 мың теңге жұмсалды.**

## ТҰРҒЫН ҮЙ-КОММУНАЛДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Ауыл саябағын абаттандыру мен көгалдандыруға **21 млн 616 мың 718 теңге,** Талап селосының су құбыры желілеріне ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізуге – **11 млн 414 мың 285 теңге**, Талап селосындағы Д. Бектепбергенов, Құрманғазы көшесіндегі жолдарды орташа жөндеу жұмыстарына **– 18 млн 292 мың 857 теңге** қаражат жұмсалып, бүгінгі күні бұл жұмыстар толық жүргізілді.

## АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ және КӘСІПКЕРЛІК

***Округ бойынша 33 шаруа қожалығы мен 10 жеке кәсіпкер бар. 32 шаруа қожалығы (99 пайызы) толық жұмыс істейді.***

Жұртшылық шаруашылықтарының және шаруа қожалықтарының төрт түлік малдарын қыстық мал азығымен қамтамасыз ету мақсатында шаруа қожалық иесі С. С. Гончаров пен ШҚ «Жандәулетовпен» шөп шабатын бригада жасақтап, шөп шабу жұмыстарын ұйымдастырып, ауыл тұрғындарын толықтай шөппен қамтамасыз етті.

Мал басының саны 2020 жылмен салыстырғанда:

| | 2020 жылы | 2021 жылы | |
|---|---|---|---|
| Ірі қара саны | 1095 бас | 1184 бас | + 89 |
| Ұсақ мал | 2375 бас | 3019 бас | + 644 |
| Жылқы | 1081 бас | 1089 бас | + 8 |

Жоспар бойынша ауыл шаруашылығы малдарын егіп-емдеу, бірдейлендіру және қаңғыбас иттерді аулау жұмыстары тұрақты түрде атқарылып келеді. Яғни, 2021 жылы 1500 ірі қараға, 2400 ұсақ малға және 1100 жылқыға егіп-емдеу жұмыстары жүргізілді.

2021 жылы ШҚ «Қожахметов Н» 120 гектар жерді егін шаруашылығымен айналысуға алып, соның ішінде 5 гектар жерге картоп, бау-бақша өнімдері егілді. Одан 12 тонна картоп, 5 тонна бау-бақша өнімдерін алған. 2022 жылы ШҚ «Қожахметов» – 10 гектар жерге, ШҚ «Жанәлі Ата» – 20 гектар жерге егін егуді жоспарлап отыр.

## МӘДЕНИЕТ САЛАСЫ БОЙЫНША

***Талап селосында, клуб, кітапхана бар. Бұл мәдениет ошақтарында мемлекеттік және кәсіби мерекелерге байланысты іс-шаралар жоспарлы түрде (Қарттар күні, Тіл мерекесі, Рәміздер күні, т.б.) өткізілуде.***

Атап айтсақ, 1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күніне орай «Береке бастауы бірлік, ел іші тату тірлік», 1 маусым – Балаларды қорғау күніне орай «Біз сүйкімді балдырған» атты мерекелік іс-шаралар, «Ән падишасы» атты онлайн ән байқауы, «Қарттар» күніне орай концерт, «Супер ата» онлайн қойылымы, сонымен бірге Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған әр түрлі іс-шаралар ұйымдастырылды.

Талап селолық мәдениет үйінде домбыра, ән үйірмелері жұмыс атқарады. Жылда 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне орай ардақты аналардың құрметіне ауыл клубының дайындаған концерттік бағдарламасы, қала, ауыл әкімінің Алғыс хаттары табысталады. Сондай-ақ, 1 маусым – Балаларды қорғау күнінде, Жаңа жыл мерекесінде балаларға ертеңгілігінде тәттілер, сый сияпаттар үлестіріледі.

2021 жылдың 31 желтоқсанында ата-аналар мен оқушылардың қатысуымен жыл атауына байланысты мүсіндер жасалып, үздіктерге номинация бойынша орындар беріліп, белсене қатысқан барлық сыныптар марапатталды. Одан бөлек, ауыл тұрғындарына мерекелік отшашу, би кеші ұйымдастырылды.

Бүгінгі күні ауыл тұрғындарына С. Сейфуллин атындағы кітапхана бөлімшесі қызмет көрсетеді, ондағы кітап қорының саны – **8049,** оқырмандар саны – **605** адам.

Кітапхана меңгерушісі Р. Байбосынова карантин кезінде барлық жоспарлы іс-шараларды онлайн түрде өткізді. Атап айтсақ, «Кел, жастар кітап оқылық» атты ақпарат сағаты**, «**Саналы ұрпақ – білімді болашақ» тақырыбында оқушылармен кітапханаға саяхат, «Ұрпақтар ұмытпайтын Ұлы Жеңіс» атты виртуалды кітап көрмесі ұйымдастырылды.

## ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ

***Бүгінгі күні медицина саласы бойынша округте фельдшерлік-акушерлік пункт қызмет көрсетеді.***

Қалалық емхананың бекітіп берген жұмыс кестесі бойынша жұмыс атқаратын 1 медбике және ЖОББ №14 мектепте 1 медбике бар. Бүгінгі күні ауылымызда әлеуметтік төмен бағамен ашылған дәріхана филиалы жұмыс істеп тұр.

**2021 жылы фельдшерлік бөлімшеге тіркелген адам саны – 632**

Бөлімшеге келіп емделгендер саны – 529

Үйге шақыртулар – 327

Скрининг бойынша тексеруден өткендер – 139

Округ бойынша жылжымалы рентген көлігі келіп, ауыл халқы 100 пайыз флюрографиялық тексерістен өтті. Бүгінгі күні ауылдың 97 пайыз тұрғыны «Даму мед» интернет желісі арқылы қалалық емханаға дәрігерлердің қабылдануына тіркеліп, тиісті ем-домдарын алуда. Короновирусқа қарсы 100 % вакцина жасалды.

## ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША

***Талап селолық округінің еріктілері мен өртке қарсы құрылымдарының өрт қаупіне қарсы дайындық оқу-жаттығу жұмыстары ұйымдастырылды.***

2021 жылы 29 қазанда Талап ауылында «Байқоңыр» ғарыш айлағынан ұшыру кезінде зымыран- тасығыштардың апатына байланысты төтенше жағдайлар туындаған кезде азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесінің басқару органдарының күштері мен құралдарының іс-қимылға дайындығы» тақырыбында «Зымыран – 2021» республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығуы болды.

«Бір тал кессең, он тал ек» демекші, елімізді гүлдендіруге бағытталған ағаш отырғызу бастамасымен ауылымыздағы мектеп айналасына, көше жолдарының жиектеріне барлығы 185 түп ағаш отырғызылды.

## АЗАМАТТАРДЫҢ ӨТІНІШТЕРІ БОЙЫНША ЖҰМЫС

***Жыл басынан бері барлығы 2 өтініш түскен, 5 тұрғын әкімнің қабылдауында болды. Барлық өтініштер қаралып, оның иелеріне уақытылы жауап берілді.***

Халыққа кедергісіз қызмет көрсету әдісімен «Талап селосы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде **«Электрондық Үкімет»** бұрышы құрылды, онда келушілер Порталмен жұмыс істеу туралы кеңес, элекрондық цифрлық қолтаңба , баска да мемлекеттік қызмет түрлерін алуға мүмкіндігі бар. 2021 жылы барлығы Egov kz порталы арқылы ЭЦҚ-ны – 78 адам, түрлі анықтамаларды 111 адам алды.

«Жезқазған қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автокөлік жолдары» бөлімінің тапсырыс беруімен Талап селосында көше атаулары мен үйлерді нөмірлеу жұмыстары жасалды.

## 2021 ЖЫЛЫ ӨТКЕН КЕЗДЕСУЛЕР

***Селодағы ауыл ақсақалдары кеңесінің қатысуымен сан алуан мәселелер бойынша жиналыстар өтті.***

Онда ауыл тазалығы, мал табыны, мал жайылымын айқындау, су тасқыны, діни экстремизмге қарсы іс-қимыл, ауыл шаруашылығы малдарын егіп-емдеу, сырғалау, таңбалау жұмыстары , қаңғыбас иттерді жою, мал ұрлығын болдырмау, селоның әлеуметтік ахуалы туралы мәселелер қозғалды.

Жезқазған қаласы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің мамандары Талап ауылының тұрғындарымен кездесіп, тұрғын үй көмегі, сертификаты және атаулы әлеуметтік көмек жайында халыққа түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Тұрғындарға үйге газ тарту жұмыстарын түсіндіру мақсатында «КазТрансГазАймак» ЖШС өкілдерімен 8 кездесу ұйымдастырылып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Елбасы Н. Назарбаевтың «Бес әлеуметтік бастамасы» атты халыққа үндеуі аясында ауқымды жоба – «Сарыарқа» магистральды газ құбырының құрылысы қиындықтарды артқа тастап, мақсатқа жетті деп айтуға толық негіз бар. Бұл бағытта жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы ауыз толтырып айтуға болады. Соның бірі – Қызылордадан еліміздің бас қаласына тартылған газ құбыры бойынан Жезқазған аймағын газбен қамту мақсатында автоматты газ тарату стансасы АГТС салынған болатын. Қазір магистральді құбырдан газ келіп тұр.

Талап ауылы ішіндегі 9 көшеге 11 шақырым желі тартылып, ондағы үйлердің барлығы газға қосылады. Сонымен қатар, мектеп пен әкімшілік ғимаратына да көгілдір отын тартылмақ.

Бүгінгі күні 12 үйге газ жүйесі кіргізіліп, қосылды. Қалған ауыл тұрғындарымен газ тарту фирмасының өкілдері әлі де түсіндірме жұмыстарын жүргізуде. Келешекте ауыл тұрғындарын газ жүйесіне толықтай қосуды жоспарлап отырмыз.

## СПОРТ САЛАСЫ БОЙЫНША

***2021 жылы 14 желтоқсан күні «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне – 30 жыл» толуына орай және «Жезқазған аймағындағы жастар ахуалын жақсартуға арналған аймақтық жоспарды» орындау, Жезқазған аймағының «Спортты дамыту орталығы» мен жастарға арналған аула клубтарының жұмыстарын жүйелендіру мақсатында бұқаралық және спорт түрлерін дамыту мен насихаттау жобасының бірінші аула клубының спорт үйірмелерін ашу (бокс және садақ ату) рәсімі өткізілді.***

Жезқазған қаласында өткен Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған 2012 – 2013, 2014 – 2015 жылы туған кіші жасөспірімдер арасында «Спортты дамыту орталығының» ашық біріншілігі жарысына Талап ауылынан 11 жас боксшы қатысып, жүлделі орындарға ие болды.

Жылдағы дәстүр бойынша ауылымыздың көп балалы және аз қамтылған отбасыларының балаларына Жаңа жылға арналған сыйлықтар табысталды.

Талап ауылдық клубында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойына арналған салтанатты іс-шара өткізіліп, ауылымызға еңбегі сіңген 17 тұрғын қала әкімінің Құрмет грамотасымен және 10 адам ақсақалдар кеңесінің Алғыс хаттарымен марапатталды.

2022 жылға жоспарланған іс-шараларды іске асыру мақсатында бірнеше жобалық-сметалық құжаттар әзірленді, бүгінгі күні құжаты дайын 9 жоба бар, бюджеттен қаражат бөлінген жағдайда іске асырылатын болады. Олар келесідегідей:

1. Талап селосының саябағын жарықтандыруға – **5 млн 442 мың 80 теңге**.
2. Абай көшесінің жолдарын жөндеуге – **13 млн 277 мың 072 теңге**
3. Центральная көшесінің жолдарын жөндеуге – **14 млн 805 мың 019 теңге**
4. Мичурин көшесінің жолдарын жөндеуге – **7 млн 351 мың 042 теңге**
5. Сейфуллин көшелерінің қиылысы жолдарын жөндеуге – **14 млн 782 мың 186 теңге**
6. Құрманғазы көшесінің жолдарын жөндеуге – **3 млн 183 мың 97 теңге**
7. Талап селосының су құбыры және кәріз желілерін жөндеуге – **15 млн 008 мың 54 теңге**
8. Ауылішілік тротуарлар салуға (саябақ) **– 4 млн 804 мың 787 теңге**
9. Талап ауылындағы кентішілік желілерінің көше жарығын ағымдағы жөндеуге – **7 млн 784 мың 330 теңге;**
10. Жылыту жүйесінің табиғи газға көшуіне – **4 млн 008 тыс 200 теңге:**

Барлық жоспарланған қаражат – **90 млн 446 мың 94 теңге**

Жергілікті маңызы бар мәселелерді шешу және бюджеттен бөлінетін қаржыны мақсатты пайдалану үшін, шешімдер қабылдау процесіне тұрғындардың белсенді қатысуы қажет.

Сөз соңында 2021 жылы біршама атқарған жұмыстарымызда белсенді түрде көмек көрсеткен мекеме басшыларына, жалпы барлық ауыл тұрғындарына рахмет айтамын. Алда да Президентіміздің саясатын қолдай отырып, көптеген жоспарлы жұмыстар мен міндеттерді ауыл тұрғындарымен бірлесе отырып орындаймыз деп сенемін.




ХАТ ЖАЗДЫМ ҚАЙРАН БОЛСА...

# ТӨТЕННЕН ПАЙДА БОЛҒАН ҚАРЫЗ

## *табанымнан тоздырды*

***Құрметті редакция!***

***Осы жасқа келгенше газетке шағым жазып, шешім сұраған жан емес едім. Бірақ, қазіргі жағдайым қолыма қалам алмасқа қоймады. Мәселе не дейсіз ғой. Айтайын.***

Крестовский елді мекеніндегі үйімізді арнайы комиссия «апатты жағдайда» деп танығаннан кейін 2014 жылы Сәтбаев қаласының сол кездегі әкімі Қанат Балмағамбетов бізге кеншілер қаласындағы бұрынғы жатақхананы үй етіп берген болатын. Сол үйде жеті жылға жуық тұрдым. Әуелді «уақыты келгенде үй жеке меншіктеріңе беріледі» деп еді. Бірақ, олай болмады. Әкімдіктегілерге бірнеше рет бардым. Олар «үй жалға ғана беріледі» деп отырып алды. «Кестовскийдегі үй менің жекеменшігім еді. Енді оның орнына үй бермейсіңдер ме сонда?», деген соң маған «Нұрлы мекен» шағынауданынан, Абай көшесі, 7/1-үйдің бесінші қабатынан үш бөлмелі үй берді. Оған да шүкір деп балаларым үйді жөндеп кірдік. Алайда, қайдан пайда болғанын білмеймін «пәтерге қарызыңыз бар» деген қағаз келді. Салып ұрып әкімдікке бардым. «Кіргенім кеше ғана, қайдан шыққан қарыз» десем ондағылар «Сіз пәтер кілтін алған күннен бастап коммуналдық төлемдер жүреді. Содан жиналған қарыз шығар, төлеңіз» деп шығарып салды. Қарыз өндіруші «Кәусар-7» пәтер иелері кооперативі екен. Оған да барып, мән-жайды айттым. Ондағылар маған «Қарызы жоқ» деген қағаз берді. Бірақ, ай сайын коммуналдық төлемдер қағазы келгенде әлігі қарыз әлі жүр. Жай жүрген жоқ, ашыған қамыр сияқты ай сайын өсіп келеді. Бүгінгі күнге 84487,2 теңге болып тұр. Әкімдіктен қайыр болмаған соң газетке жүгінуіме тура келді. Мен өзім көп балалы қарт анамын. Осы жағдайдың шешімін табуға жәрдемші болсаңыздар екен. Білетіндердің айтуынша Қарағандыда арнайы операторлық орталық бар екен. Қарыздың жоқ екендігін соларға хабарлау керек. Сонда барып олар түбіртектен алып тастайды дейді. Ал, ол жаққа кім хабар беру керек. Оны айтатын адам бар ма?..



**Хат жолдаушы:**

**Елеусіз БАЙҒОЖАНОВА.**
**Абай көшесі, 7/1-үй, 28-пәтер тұрғыны.**
*Сәтбаев қаласы.*

ЖАЗЫЛҒАН ЖАЙДЫҢ ЖАҢҒЫРЫҒЫ

***Жуырда, «Сарыарқа» газетінің кезекті бір санында ««Жарқанат» шамнан «Желқуат» шамға немесе Ұлытауға балама тоқ көзі керек» деген мақала жарық көрді. Мақалаға Ұлытау ауданында жарықтың жиі сөнетіні, одан құтылу үшін балама қуат көздерін іске қосу жайы арқау болыпты.***




Өте орынды көтерілген мәселе. Жылғыз Ұлытау ғана емес, Жезді кентінде де осы жағдай жиі қайталанады. Жел тұрса болды жарық жалп етіп өшеді. Мұның мәнісін ауданның токқа жауапты мамандары мақала авторы айтқандай ЖРЭК компанясымен байланыстырады. Бұл өзі жылда айтылып, жауыр болған жауап. Әкімдердің есебі кезінде ел бірінші осы мәселені көтереді. Ал, әкімдіктегілер «Аудан ЖРЭК мекемесіне қарыз. Ол мәселе шешіледі» деумен келеді. Тіпті облыстық деңгейде қаралып, шешіліп жатыр деп естиміз. Бірақ, жарық қалай жанып-сөнеді солай жанып-сөніп тұр. Бұл ЖРЭК-тің жыры бітетін күн бола ма?

Мақалада орынды көтерілген тағы бір мәселе, балама қуат көздерін тауып, іске қосу. Жергілікті мәслихат депутаттары, әкімдік мамандары осы жағын терең зерттеп, жүзеге асыруға күш салулары керек. Сонда аудан бір компанияға тәуелділіктен құтылатын болады. Менің өзім кезінде тоқ саласында жұмыс істеген адаммын. Оның жайын бір кісідей білемін. Сосын айтып отырмын.

**Шахмаран МҰҚАНҰЛЫ.**
**зейнеткер.**
*Жезді кенті.*

БӘРЕКЕЛДІ!

***Табиғаты құбылмалы болған соң біздің Ұлытауда қоғамдық көліктің қатынасы қиын. Осы уақытқа дейін жүріп тұрған автобус әлдебір себептермен тоқтап қалған еді.***



# ЕНДІ АВТОБУС КҮН САЙЫН ЖҮРЕДІ

Ел Ұлытаудан қанаттас жатқан қос қалаға таксимен қатынауға мәжбүр болған. Оның да бағасы мың құбылады. Елдің бәрінің бірдей қалтасы көтере бермейді. Осыған байланысты село тұрғындары аудандық әкімдікке шағымданып, көмек сұраған еді.

Бүгінде сол мәселе шешімін тапты. Ұлытау селосының тұрғыны Болатбек Елеуов «Ақжол» жеке кәсіпкерлін ашып, он сегіз орындық екі автобус сатып алды. Бір автобус Ұлытау – Сәтбаев – Жезқазған бағыты бойынша күнде жүрсе, екінші автобус жолаушылар көп болатын бейсенбі, жұма сенбі, жексенбі күндері қосарлана жүретін болды. Автобустар таңертең сағат 8.00-де аудан орталығындағы «Ұлытау» автобекетінен Жезқазғанға, түстен кейін сағат 15.00-де «Жезқазған» сапаржайынан Ұлытауға қарай бет алады. Бағасы 500 теңге деп белгіленді. Бұл аудан тұрғындары үшін үлкен көмек.

**Жасұлан АЯШЕВ,**
**жас маман.**
*Ұлытау селосы.*

АЛҒЫС АЙТАМЫЗ

# ОН ГАЗЕТ ТЕГІН ЖАЗДЫРДЫ

***Газет – өмір айнасы. Қазіргі заманды – электрондық ақпарат дәуірі деп қанша дәріптесек те, газеттің қоғамдағы орны ерекше. Газеттің өзі бір күндік болғанымен, сөзі мың күндік.***

Ал, әлеуметтік желілердегі ақпараттың ғұмыры қысқа. Оның үстіне шикілігі және көп. Сондықтан, біз сияқты егде жастағы кісілер апта сайын аймақтың баспасөзіне алаңдап, іздеп отырамыз. Әрине, бәрін бірдей алдыруға қол қысқа, қалта таяз. Десек те, кейбір басылым басшылары карттарға қарайласып, олардың өтініштерін қанағаттандырып тұрады. Солардың бірі Жезқазған қаласынан шығатын аймақтық «Сарыарқа» газетінің басшысы һәм бас редакторы Әнуар Омар.

Сәтбаев қалалық ардагерлер кеңесі қоғамдық бірлестігінің карттары Әнуар Серікбайұлына өтініш жасап, аймақтық газетке жаздырып беруін сұраған едік. Өтінішіміз аяқсыз қалған жоқ. «Сарыарқа» газетінің он данасын тегін жаздырып берді. «Көргені жақсы көш бастар» деген. Әнуарініміздің бұл қамқорлығына алғыстан басқа айтарымыз жоқ.

**Мағзұм ҚОЖАХМЕТОВ,**
**Ардагерлер кеңесінің мүшесі.**
*Сәтбаев қаласы.*

ШАРА КЕРЕК

# ҚАҢҒЫБАС ИТТЕР КӨБЕЙІП КЕТТІ

***Ит – жеті қазынаның бірі. «Ит – адамның досы» деп те жатамыз. Десек те, осы жануардан қоғамға, адамдарға зиян, қауіп келетінін де ұмытпаған жөн.***



Қаланың батыс аудандарында (91-орам, Рыбачий, Комбинатский елді мекендерінде Б.Б.) бүгінде қаңғыбас иттер көбейіп барады. Әсіресе таңертеңгілік және кешкісін аялдамалар мен қоқыс салатын орындарда үйіріліп жүрген иттерден қорқатын болдық. Бізді қойшы, сабаққа баратын, келетін балаларға қиын.

Иесіз иттер қазір адамдарға қауіп төндіріп тұр. Тіпті, жұқпалы ауруларды тарату, көше тазалығына нұқсан келтіру, адамдарды қауып алу, талап тастау сияқты мәселелердің қаңғыбас иттерден туындап жататыны жалған емес. Қысқасы, ит иттігін жасайды. Мұндай иесіз иттердің өмірімізге қаншалықты қауіпті екенін ескеріп, олардың санын көбейтпеуді, қазірден бастап жоюды дұрыстап қолға алған жөн.

**Бибайша БАЙМАНОВА,**
**91-орам тұрғыны.**
*Жезқазған қаласы.*

## ҚАДІРЛІ ОҚЫРМАН!

Біз үшін елдің мүддесі, оқырманның тілегі басты орында. Осы мақсатта «Оқырман отауы» айдарын қайта жандандырмақпыз. Осыған байланысты қала, ауданның тыныс-тіршілігіне байланысты талап-тілегіңіз туындаса, ұсыныс-пікіріңіз болса, тайсалмай айтыңыз, іркілмей жазыңыз! Ол үшін Whatsapp әлеуметтік желісінде арнайы нөмір қосып отырмыз. Бұқараның базынасына үн қатуға әрқашан әзірміз.

**Байланыс нөміріміз 8(701)-118-88-08.**

***Қадірлі оқырман!***

Аймағымыздың уақыт талабына сай алға басуы үшін әрқайсысымыз атсалысып, қалауымызды айтып, талабымызды қояйық. Шешілуіне де бірлесе жұмылайық.

***Құрметпен,* аймақтық «SARYARQA» газеті!**

**Оқырман хаттарын оқыған Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ.**



# Емші айтқан ерекше күн

Астана қаласында болған бір бас қосу үстінде тарих ғылымдарының кандидаты Хансейіт Бөлен бауырымыз әңгіме арасында: «Қостанай қаласының қасындағы Заречный кентінде Әулиетауға барған емші келіншек тұрады. Сол кісінің де әңгімелері қызық», – деді. Содан Хансейіттің көмегімен сұрастыра отырып, халық емшісі, халықаралық сертификат иесі Айсұлудың ұялы телефон нөмірін тауып алып, хабарластым. Телефон тұтқасын көтерген Айсұлу: «Қазір ем жүргізіп жатыр едім. Кезектегі адам қарасы қалың, кешке босағаннан кейін хабарласайықшы» деді орыс тілінде. Кешкісін ел орнына орныққан уақытта қайта телефон шалдым. Мен әңгіменің мән-жайын барынша түсіндіріп айтып жатырмын. Себебі «Қарсылық таныта ма?» деген ой басымырақ. Бірақ олай болмады. Бір дегенде бір-бірімізді бұрыннан танитын адамдай әңгімеміз жарасып сала берді. Ол маған «Тек бір өтінішім бар. Мен емшімін ғой, маған Ұлытауда көп нәрсе көрінді. Негізінде оны жай адамдардың көбі қабылдай алмайды. Мен көргенімнің бәрін бүкпесіз айтсам, сіз оны дұрыс түсінсеңіз», – деді. Әрине, «өз жүрегін бағындыра білгенге бүкіл әлем бағынады» демеуші ме еді? Сондықтан да Құдайдың берген қасиетіне пенде қарсы тұрмас болар. «Ойыңызды ашық жариялағаныңыз абзал» деп жылы қоштасып, телефонды қойдық.

Сондағы Айсұлудың айтқандары: «Мен Қостанай қаласында, нақтырақ, қаладан 5 шақырым жердегі Заречный кентінде тұрамын. Негізі өзім – Қарасу ауданының қызымын. Халықаралық сертификаты бар халық емшісімін. Емші болғаннан кейін жылына бір рет қасиетті жерлерге барып тұрамын. Ресейдің көптеген жерін араладым. Шет елдерге көп шықтым. Архаимда, Башкирияда болдым. Халықаралық емші ретінде 140 елге шығуға мүмкіндігім бар. Бірақ Қазақстанда Түркістаннан басқа сондай қасиетті жер барын білмеппін. Түркістанға баруға да жол түспей қойды. Биыл бармақшы болып отырғанымда құрбымның келінінен Ұлытау жайлы естідім. Аяқ-астынан сонда баруға ниет еттік. Билет алғаннан кейін маған жоғарыдан басқаша ақпараттар келіп жатты. Бұл өзі тылсым дүние ғой. Сермелген қылыш, домалаған бастар. Шайқас өтіп жатқандай. Түсініксіздеу оқиғаларды көріп, «Бұл қалай болғаны?» деп ойлаумен болдым. Ұлытауда «Әулиетау» деген тау бар екенін, онда адамдар емделетінін, тілектер қабыл болатынын да естідім. Сонда барып, рухани тазаруға, жаратқаннан тілек тілеуге ниеттендім.

Қасымда үнемі менімен бірге қасиетті орындарға барып жүрген Сәуле мен Эльвира атты құрбыларым бар. Біз пойызбен Қарағанды арқылы жүрдік. Ал Қарағандыдан бізге Айнара, Жұпар және Жұпардың інісі Елнұр ілесті. Бізге тарихи орындарды аралату үшін Жұпар алдын ала киелі жерлердің тарихын жақсы білетін Ұлытау селосының тұрғыны Сағдат есімді жас жігітпен келісіп қойған екен. Жезқазғанға келгенімізде бізді темір жол вокзалынан жолбасшы жігіт – Сағдат қарсы алды. Алтауымызды машинасына салып алып, вокзалдан шыға бергенде, бір дөңгелегі жарылды да қалды. Ол дөңгелегін жасағанша біз әдемі сібірлеп қана жауған майда жаңбырдың астында қаланы аралап қайттық. Жезқазғаннан таңғы асымызды ішіп, Ұлытау бағытына жолға шықтық. Кештетіп Ұлытауға таяна бергенде «Ел бірлігі мен тұтастығы» монументіне келіп тоқтадық. Онда суретке түстік. Монумент ортасындағы ошақ тасты құшақтап тұрып тілектерімізді айттық. Одан шығып, Ұлытау селосындағы «Саумал орталығы» деп аталатын үлкен жер үйге келіп орналастық. Мазарларды аралап келгендіктен киімдерімізді жуып, жайып, ас қамына кірістік. Дастархан басында кім не көргенін, қандай сезімде болғанын айтып жатырмыз. Әлден уақытта жолбасшымыз Сағдат тұрып: «Бізде көбі Әулиетаудың басына шығып түнейді. Сіздердің тау басына түнегілеріңіз келмей ме?» деді. Бәрі қолдай кетті. «Әрине, тау басына қонған да қызық қой» деп бәрінің барғысы келді. Сол сәтте маған «Бүгін тауға барма» деген ақпарат түсті. Мен бірден «Жоқ, мен бүгін бара алмаймын» деп едім, бәрі «Жарайды, бармай-ақ қояйық», – деп келісе кетті.

Сонымен демалуға жаттық. Жұпар мен Айнара бір бөлмеде, біз Эльвира, мен Сәуле – үшеуміз бір бөлмеде, ал Ернұр бөлек бір бөлмеге жайғасты. Сағдат болса таңертең ерте келетінін айтып, үйіне кетті.

Біз жатқан бөлменің есігі шыға беріс есікке қарсы орналасқан еді. Ал мен болсам, бөлме есігіне қарсы төрде жатырмын. Кенет маған бөлмеде бөгде біреудің жүргені сезілді. Қорыққанымды өзгелерге білдірмеген болып, «Дәліздің жарығы жанып тұра берсін» дедім. Бәрі ұйқыға кеткендей, бір мезет өлі тыныштық орнады. «Жолдан қатты шаршаған екен ғой» деп ойладым да қойдым. Менде ұйқы жоқ, бір қорқыныш бойымды билеп барады. Болмаған соң қыздарға «Мен қорқып жатырмын, біреуің менің жаныма жатыңдаршы» дедім. Менің төсегім екі адамдық еді. Сөйтсем, қасымдағы екі қыз да қорыққандарынан ұйықтай алмай үнсіз жатыр екен. Сәуле «менде де ыңғайсыз жағдай, қасымда бір суық жел айналып жүр» дейді. Эльвира «менде де бір түрлі түсініксіз жағдай» деп, бірден менің қасыма келіп жатып алды. Енді ұйықтайын десем, көзім жұмылмайды. Көзімді жұмуға бір тылсым күш рұқсат етпейді. Амал жоқ, көзімді ашсам, дәлізде қолына асатаяқ ұстаған үлкен бір ата тұр. Сол ата маған Әулиетау сияқты көрінді. Әулиетаудың рухы. Адамдарды емдейтін де, тілектерін орындайтын да сол үлкен асатаяқты ата екенін түсіндім. Атаның екі жағында жарқ-жұрқ етіп, найзағай ойнағандай ұшқын шашып тұр. Өте қалың ұшқын. Өте көп энергетиканың тұрғанын сездірді. Сол энергетика менің қасымдағылардың бәріне көрінді және бәріне берілді. Сәуле де қорқып, «Мені біреу тұншықтырып жатқандай» деп, менің қасыма келіп алды. Мен ортада, үшеуміз бір төсекке жатып алдық. Кенет мен өзімнен өзім сөйлеп кеттім. Қасымдағы қыздардың мен білмейтін, еш уақытта естімеген сонау бала күндерінен бастап, бар тарихын айтып беріппін ғой. Олар қандай сұрақ қойса да жауап беремін, маған жанағы ата бәрін айтып тұрды. Асатаяқты ата тағы да «Әулиетаудың басында жеті әулие жатыр. Сендер де ертең Әулиетауға жетеу болып шығасыңдар, жетеуіңнің де тілектерің қабыл болады» деді. Ал біз алты адамбыз. «Қалай жетеу?» деп ойланып кеттім. Ақпараттың көптігі сондай менің басым ауыра бастады. Басым болғанда да үшінші тылсым көзімнің орны, екі қасымның арасы мен көк желкем. Олай еш уақытта ауырып көрген емес. Әлден уақытта бұлттар үйіріліп, қасқырдай ұлыған желмен найзағай ойнап, жаңбыр жауды да кетті. Мен адам емдеп жүргенде аруақты адамдар келе жатқанда осылай ауа райының бұзылатыны бар еді. Бір кезде ас үйдегі ыдыс-аяқтар сыңғырлай бастады. Бәріміз естіп жатырмыз. Ас үйде біреулер су ішіп жүргендей әсердеміз. Демімізді ішімізге тартып, қорқыныш құшағында қалдық. Таң алдында ғана қалжырап ұйқыға кеттік.

Таңертең ерте ояндық. Таңғы ас үстінде көрген білгенімізді айтып жатырмыз. Сәуле «ұйықтап кеткенен кейін де келіп, менің тамағымнан қылқындырып кетті» десе, басқа бөлмеде жатқан Жұпар «тұруға қорқып жаттым, көзімді де жұма алмадым. Ауа райы бұзылысымен бір елес мені айналып ұшып жүрді» дейді. Ішімізде дым сезбей ұйықтаған Елнұр ғана екен. Таңертең жолбасшы Сағдат келгенде біз жуынып-шайынып, ғұсыл дәрет алып дайын отырғанбыз. Түнімен қорыққан бәріміздің көзіміз шарасынан шығып кеткен. Ұйқы шала. Түрімізді көрген Сағдат «не болды?» деп сұрап жатыр. Біз оған болған жайды қысқаша баяндап, тауға қарай аяңдадық. Жолдағы Ем бұлақтан су алдық. Кеше кешкісін Сағдат «Мен тауға шығып жүрмін ғой, ертең шығатын жерін көрсетемін де етекте қаламын. Бір шаруаларым шығып тұр. Асықпай аралап, түсіп келе жатқанда хабарласасыздар ғой» деген. Тау етегіне барғанда Сағдатқа «сенің де шыққаның дұрыс еді» дедім. Бірден келісе кетті. Тауға шығып келеміз. Қарасам, кешегі асатаяқты ата айтқандай жетеу болып көтеріліп келеді екенбіз. Таңқаламасқа амалым қалмады. Тауға Елнұр мен Жұпар бірінші болып көтерілді. Біз Сәуле екеуміз екі жарым сағатта бірге шықтық. Бізден кейін сәл кештетіп көлік апатынан кейінгі отадан шыққан Айнара мен жоғары қан қысымы бар, жасы да ұлғайып қалған Эльвира және оларға көмектесіп келе жатқан Сағдат үшеуі көтерілді. Тауға шығу оңай емес екен. Біз де аз қиналған жоқпыз. Ал Айнара мен Эльвира қатты қиналып, үлкен төзіммен, ерлікпен шықты. Біз Әулиетаудың ортасынан аса бергенде әуеден саңқылдаған дауыс естілді. Қарасақ, төбемізде керегедей қанатын жазып алып, қанатын бір қақпастан әдемі қалықтай айналып, жалғыз бүркіт ұшып жүр. Біраз демалып алдық та, әрі қарай жылжыдық. Біз Әулиетау басына шыққанша әлгі бүркіт кеткен жоқ, анда-санда бір «саңқ» етіп қойып, айналды да жүрді. Тау басына жеткенде үлкен екінші бүркіт пайда болды. Айналып ұшып жүрген екі бүркітті жақындаған тұста бәріміз суретке түсіріп әлекпіз. Бірақ, бір қызығы, телефонмен суретке түсіруге нысанаға алғанда, зоом арқылы жақындатқанда анық көрініп тұрған бүркіттер түсірілген суретте жоқ болып шығады. Табиғат тылсымына қайран қалдық та қойдық. Ауа райы керемет! Аспан шайдай ашық. Күн ыстық. Түндегі нөсердің ізі де байқалмайды. Мен жаратқанға сыйынуды бастағанымда ашық аспанға ақша бұлттар жиналып, аспанда неше түрлі фигуралар пайда бола бастады. Көз, аю бейнесі, тағы басқа бірнеше фигураларды кездестірдім. Бұлттардан шыққан фигуралардың біразын суретке түсірдік. Аспаннан маған біреу қарап тұрғанын сезіндім. Ал Эльвиралардың тобы көтеріліп, тау басына жетіп 5-10 минут демалды ма, жоқ па, апашық тұрған аспанды қара бұлт торлай бастады.







Бұлттардың бәрі бізге қарай жылжып, барлық бұлт әп-сәтте біз тұрған Әулиетау басына жиналды. Аспанның қалған бөлігі шайдай ашық. Аяқ астынан ауа-райы бұзылып, күннің көзін қара бұлт жауып, айнала түнеріп сала берді. Мен қасымдағыларға «тездетіп тасқа отырып тілектеріңізді тілеңіздер» дедім. Тілектерімізді тілеп бастағанда таудың басында жарқ-жұрқ найзағай ойнап, нөсер жаңбыр сабалап кеп құйды да кетті. Мен «тілек тілейін» деп әуеге қолымды жая бергенімде, тура бір қолыма түскендей, дәл қасымнан найзағай жарқ ете түсті. Қолымды дереу жинап ала қойдым. Қайта жайып едім, қайта найзағай жарқ ете қалды. Жер, үстім бәрі малмандай су. Оның үстіне энергиясы бар қолымды ашық жайғанда найзағай тартып тұрғанын сонда түсіндім. Тамылжыған тамыз айы болғанына қарамастан нөсер жауынның аяғы қатты желмен бұршаққа ұласты. Мен өмірімде анадай үлкен бұршақты көрмеппін. Қатты желмен келіп ұрғанда денеге тікенектей қадалып, тесіп жібере жаздайды. Киік құмалағындай бұршақ тиген жерін дыз еткізеді. Біз тездетіп тілегімізді тілеп, төменге түсуге асықтық. Ал бізден кейін көтерілген кішкентай екі бала ерткен бір еркек пен әйел тау басында қалды. Біз «Әулиетауда 2-3 сағат боламыз» деп есептегенбіз. Өкінішке орай, жарты-ақ сағат болдық. Сай-саланың бойымен жоғарыдан төменге қарай сарылдап аққан жаңбыр суы табанды тас үстінде тұрғызар емес. Екі жарым сағатта зорға көтерілген Әулиетаудан жанталаса жүгіріп, 40 минутта етекке түстік. Оның үстіне аяғымыз, үстіміз шылқыған су. Біз төменге түскенде түк болмағандай бәрі сап басылып, аспан ашылып, күн жадырап сала берді. Бәрі – бір адам айтса сенгісіз қиял ғажайып дүниелер. Бізді ертіп апарған ұлытаулық Сағдат та «өмірімде тамыз айында мұндай бұршақ жауғанын көрмеппін» дейді таңданысын жасырмай. Әулиетауға көтеріліп бара жатқанымызда тау етегінде ішінде жас балалары бар бірнеше адам жүр екен. Сірә, тауға шыға алмайтын болған соң тілегін тілеп, етекте қалғандар болса керек. Астана, Қарағанды қалаларынан келгендерін айтты. Бәрі – ерекше имандары, жүректері мейірімге толы, қайырымды адамдар. Бір-бірімен амандасып, жөн сұрасып, «тілектеріңізді Алла қабылдасын!» деп тілектес болып жатыр. Олар да кішкене су болған екен. Біз оларды өзімізбен бірге машинаға отырғызып алып, үйлеріне жеткізіп салдық. Кілең жүздерінен шуақ төгілген мейірімді жандар екен. Солармен де бірге туған бауырдай болып кеттік. «Шіркін, Әулиетау басында ғана емес, бүкіл адамзат баласы үнемі осындай бір-біріне бауырмал, мейірімді болса ғой!» деп армандадым. Мүмкін ол үшін бүкіл адамзат баласы Ұлытауда тұру керек шығар. Ең болмағанда ұлтына, наным-сеніміне қарамастан кез-келген адам мейірімді сезініп, ықыласқа бөленіп, арман-тілегін Аллаға жеткізіп, жүрегіне иман келтіріп, өзінің шексіз мүмкіндігін танып, жаратқанның шексіз құдіретін көру үшін, бір рет болсын Әулиетауға келу керектігіне көз жеткіздік. Әулиетаудың рухы – асатаяқты атаның «енді үш жылдан кейін келесің» деген сөзі құлағымнан кетер емес. «Қайта айналып 2024 жылы келгенше хош бол, қасиетіңнен айналайын Ұлытауым!», – деп кешкі пойызға отырып, елге оралдық».

Халық емшісі Айсұлудың айтқандарынан көп нәрсені аңғаруға болады. Қасиетті Құрандағы Фуссиләт сүресінің, 44-аятында «Бұл Құран – иман келтіргендерге бір тура жол және шипа» делінген екен. Ендеше қасиетті Әулиетау да – жиғанынан иманын жоғары қоятын әр пенденің тәу етер екінші Меккесі!

**Бағдат БАЙЖАНТАЕВ**
**ақын, өлкетанушы**

# ҒАЛАМТОРҒА ШЫРМАЛЫП ҚАЛМАЙЫҚ



Ғаламтор – адамзаттың ең үлкен жетістіктерінің бірі. Ғаламтордың көмегімен, әлемнің екі шетінде отырған екі адам бір-бірімен тілдесе алады. Нарық, бизнес саласында жүрген жандар өз кәсіпорындарын, тауарларын немесе кез келген затты әлеуметтік желілерде жарнамалап, өздеріне тұтынушылар жинап, табыстарын еселеп арттыруға мүмкіндіктері де бар. Бұрында білмеген сұрақтың жауабын кітаптардан, газет-журналдардан парақтап іздеген болса, қазір іздегеніңіздің барлығы ғаламтор желілерінде бар. Расымен, ғаламтордың біз білмейтін қыр-сырлары жетерлік.

Алғашында ғаламтор 1969 жылы 1 қыркүйекте Лос-Анджелестегі Калифорния университетінде орнатылды. Сервер ретінде орнатылған «Honeywell 516» компьютерінің оперативті жад көлемі небәрі 12 КБ болған екен. Ең алғашында ғаламторды АҚШ Қорғаныс Министрлігі ақпаратты өзара тасымалдау үшін шығаруды жоспарлаған. 1971 жылы электронды пошта хаттар жіберу үшін компьютерде арнайы бағдарлама жасалып, кеңінен тарала бастаған. Ал бүгінде ғаламторды кез келген адам қолданысқа ала алады. Ғаламтордың жарыққа шыққанына аса көп уақыт болмаса да, қолданушылардың саны күннен күнге артуда. Статистикаға көз жүгіртер болсақ, шамамен 3,5 миллиард адам ғаламторды пайдаланады.

Расымен, ғаламтор жаңа ақпараттар іздеуге және сол ақпаратпен бір-бірімізге бөлісу үшін ең оңтайлы әдіс. Дегенмен жоғарыда айтылған артықшылықтарға қарамастан, оның да көптеген теріс әсерлері бар. Ең бірінші орында – біздің денсаулығымыз. Сондықтан ғаламтордың денсаулыққа әсері жайлы айта кеткенді жөн көрдім. Біз сағаттар бойы телефон мен компьютердің алдында қозғалыссыз қалып отырамыз. Соның әсерінен көз, бел, арқа мүшелері сырқаттанады. Одан бөлек, қазір адамдар бір-бірімен сөйлесуден қалды. Әлеуметтік желілерде тәкаппарлық, бірін-бірі кемсітушілік өрши түсуде. Мысалға алар болсақ, кейбір жандар басқа адамдардың посттарына ауыр сын-пікірлер жазады. Ал ол пікірдің жүрекке салуы мүмкін екені ешкімді мазаламайды. Осыдан әлеуметтік желілерде көптеген келіспеушіліктер мен кемсітушіліктер пайда болуда. Өкінішке орай, солардың салдарынан қазіргі уақытта адами құндылықтар жоғалуда. Бұл біздің рухани жаңғыруымызға кері әсерін тигізетін болады.

Жуырда елімізде болған жағдайларға байланысты, бірнеше күнге біз ғаламтор желісінсіз отырдық. Сол уақытта тіпті не істерімізді білмей қалғандай болғанымыз рас. Осыдан біздің әлеуметтік желілерге жоғары деңгейде тәуелді екенімізді анық көруге болады. Ғаламторды қолданушылардың 10 пайызы оған тәуелді екені зерттелген. Әлеуметтік желілер ақпарат алмасу үшін ең оңтайлы әдіс болғанымен, адамдар көп уақытын сол желіде жоғалтып жүр. Ғаламтордан тәуелді адамның денсаулығы нашарлап қана қоймай, ол адам ең бірінші өзін-өзі жоғалтады. Виртуалды әлеммен шектеліп, шынайы өмірге батыл қадам баса алмай, жатырқауды, кейде тіпті жабырқауды бастан кешіреді.

Айтайын дегенім, виртуалды әлемге тәуелді болмай бөлек шынайы өмірге оралуымыз қажет. Яғни, ғаламторға тәуелді болудан мейлінше сақтануымыз керек. Әлеуметтік желілерден тек керекті ақпаратты ғана алуды көздеу қажет. Электронды гаджеттердің алдында отыруға болатын максималды уақыт – 2–3 сағат. Осындай қарапайым ережелерді қадағаласақ, бізге ғаламтордың тигізер зияны азая түсер еді.

**Сабина ТІЛЕМІСОВА,**
**Абай ауданы, Топар кенті,**
**Абай атындағы тірек мектебінің**
**10-сынып оқушысы**

## СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

